

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

**БАҒА БЕЛГІЛЕУДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВІ
ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ ПО ЦЕНОБРАЗОВАНИЮ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ОРТАША, АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ
ЖӘНЕ КҮТП-ҰСТАУДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ
ТӘРТІБІ**

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

**ПОРЯДОК
ОПРЕДЕЛЕНИЯ СТОИМОСТИ СРЕДНЕГО, ТЕКУЩЕГО РЕМОНТА
И СОДЕРЖАНИЯ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

ВНЦ РК 9.1.1-001-2024

**Ресми басылым
Издание официальное**

Астана 2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ОРТАША, АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ
ЖӘНЕ КҮТІП-ҰСТАУДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ
ТӘРТІБІ**

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

Ресми басылым

Астана 2024

АЛҒЫСӨЗ

1 ӘЗІРЛЕГЕН

«Қазақстан жолғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы
(«ҚазжолҒЗИ» АҚ)

**2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігі
Автомобиль жолдарыкомитеті Төрағасының
2024 жылғы «27» желтоқсандағы №167
бұйрығымен

3 КЕЛІСІЛДІ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ 2024 жылғы
«05» желтоқсандағы №09-01/09-01/4045-И
хатымен

4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

«Қазақстан Республикасында автомобиль
жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және
күтіп-ұстаудың құнын анықтау тәртібі»
2023 жылғы «28» желтоқсандағы №134
бұйрығымен

*Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік – құқықтық актілерінің «Әділет»
ақпараттық – құқықтық жүйесінде және «InfoZhol –<http://infozhol.kad.org.kz>»
электронды мәліметтер базасында қол жетімді*

Осы Жинақты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль
жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге,
көбейтуге және таратуға болмайды

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	2
1 Қолдану саласы.....	2
2 Нормативтік сілтемелер.....	2
3 Терминдер мен анықтамалар.....	2
4 Жалпы ережелер	3
5 Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу күтіп-ұстау кезіндегі нормативтік құжаттар мен баға белгілеу жүйесі.....	4
6 Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеудің сметалық құны.....	7
6.1 Автомобиль жолдарын жөндеу кезіндегі баға белгілеудің негізгі талаптары мен шарттары.....	7
6.2 Сметалық құжаттаманың құрамы мен түрлері, рәсімдеуге қойылатын талаптар	8
6.3. Орташа, ағымдағы жөндеу кезіндегі құнның құрамы мен құрылымы.....	11
6.4 Орташа, ағымдағы жөндеуге арналған құжаттаманы жасау	12
7 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстаудың сметалық құны	22
7.1. Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезіндегі баға белгілеудің негізгі талаптары мен шарттары	22
7.2 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде құнын қалыптастыру тәртібі	24
А қосымшасы (міндетті) Сметалық құжаттамадағы деректерді конструктивтік-технологиялық топтастыру	27
Б қосымшасы (міндетті) Орташа жөндеу құнын сметалық есептеу тарауына енгізілетін қосымша шығындардың тізбесі.....	30
В қосымшасы (міндетті) Жөндеу кезіндегі сметалық құжаттама нысандары	31
Г қосымшасы (міндетті) Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде құнды қалыптастыру	39
Д қосымшасы (міндетті) Ақау актісінің ысаны	42
Е қосымшасы (ақпараттық) Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде шығындарды есепке алу бойынша орташа, ағымдағы жөндеу кезінде мердігердің сметасын жасау және орындалған жұмыстарды қабылдау кезіндегі әдістемелік ұсынымдар.....	43
Ж қосымшасы (ақпараттық) Қазақстан Республикасының аумақтық аймақтардың тізбесі	46
К қосымшасы (ақпараттық) Материалдық ресурстардың түрлері бойынша дайындау-қойма шығындарының нормалары.....	52
Библиография.....	53

Кіріспе

Осы «Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу мен күтіп-ұстаудың құнын айқындау тәртібі» мемлекеттік нормативтік құжат Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері, экономикалық дамыған елдердің шетелдік тәжірибесін зерттеу негізінде әзірленді. Қазақстан Республикасында автомобиль жолдары мен олардағы жол құрылыстарын орташа, ағымдағы жөндеу мен күтіп-ұстаудың құнын айқындау жөніндегі жалпы әдістемелік ережелерді қамтиды.

1 Қолдану саласы

1.1 Осы нормативтік құжат Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын, сондай-ақ олардағы жол құрылыстарын күтіп-ұстаудың орташа, ағымдағы жөндеуінің құнын айқындау тәртібін (бұдан әрі - Тәртіп) белгілейді.

1.2 Тәртіп Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеуді және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың тәжірибелік қолдануына арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Тәртіпті қолдану үшін мынадай анықтамалық нормативтік құжаттар қажет:

Кеден одағының 2011 жылғы 18 қазандағы № 827КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламенті

«Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы № 1468-ХІІ Заңы.

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 1787-ХІІ Заңы.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 24.01.2014 жылғы № 56 бұйрығымен бекітілген(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылғы 27 ақпанда № 9176 болып тіркелген) Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасы.

Қазақстан Республикасының Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттаманы ведомстволық сараптау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 31 қазандағы N 337-І бұйрығы.

ҚР ЕР 218-162-2023 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оның шығындарды айқындау жөніндегі нұсқаулық.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы тәртіппен [1]- [5] бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады (пайдаланылады):

3.1 Сметалық шығындар: Қабылданған автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау өлшегішіне белгіленген ресурстар жиынтығы (жұмысшылардың еңбек шығындары, құрылыс машиналарының жұмыс уақыты, материалдарға, бұйымдар мен құрылымдарға қажеттілік);

3.2 Ағымдағы бағалар: Нақты кезеңге арналған құрылыс ресурстарының бағасы;

3.3 Жиынтық сметалық есеп: Автомобиль жолдарын басқару шығындарына тапсырыс берушінің қаражатын қамтитын құжат.

3.4 Жөндеудің сметалық құны: Сомасы техникалық шешімдер, ақаулар актісі және сметалық-нормативтік база негізінде айқындалатын телімді/нысанды жөндеуді жүзеге асыру үшін қажетті қаражат.

3.5 Техникалық қадағалау: Сапаны, мерзімдерді, шығындарды, орындалған жұмыстарды қабылдауды және нысандарды пайдалануға беруді қоса алғанда, орташа жөндеуді іске асырудың барлық кезеңдерінде құрылыстарды жөндеуді қадағалау.

3.6 Есептік ай: Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды орындау айы.

3.7 Сметалық-нормативтік база: Бірыңғай тұжырымдамалық-әдістемелік негізде әзірленетін, белгілі бір уақыт кезеңінде бірлесіп әрекет ететін және нормативтік-құқықтық негізді құрайтын мемлекеттік сметалық нормативтер:

- **СНБ** (сметалық-нормативтік база) - сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін және белгіленген тәртіппен қолданысқа енгізетін автомобиль жолдары құрылысының сметалық құнын анықтауға арналған сметалық нормативтер;

- **ВСНБ** (ведомстволық сметалық-нормативтік база) - автомобиль жолдарының уәкілетті мемлекеттік органы белгіленген тәртіппен бекітетін және қолданысқа енгізетін автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу мен күтіп-ұстаудың сметалық құнын анықтауға арналған сметалық нормативтер.

4 Жалпы ережелер

4.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген автомобиль жолдарын жөндеудің және күтіп-ұстаудың құны тапсырыс беруші мен мердігер үшін автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау құнын ағымдағы баға деңгейінде ресурстық әдіспен, инвестициялық үдерістің барлық кезеңдерінде, оның ішінде мердігермен өзара есеп айырысу үшін айқындау кезінде бірыңғай тәсілді қалыптастыру міндетін шешуге мүмкіндік береді.

4.2 Қазақстан Республикасында жөндеудің құны және күтіп-ұстаудың құны теңгемен айқындалады.

4.3 Автомобиль жолдарына және оларды жобалау, салу, қайта құру, күрделі жөндеу және пайдалану үдерістеріне қойылатын ең аз қажетті қауіпсіздік талаптары, сондай-ақ осы талаптарға сәйкестікті бағалау нысандары мен тәртібі техникалық регламенттің [1] талаптарына сәйкес белгіленеді.

4.4 Осы Тәртіп автомобиль жолының белгіленген өмірлік циклі ішінде жөндеу-құрылыс және пайдалану шығындарын оңтайландыру мақсатында қабылданады.

5 Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп- ұстаудың нормативтік құжаттары мен баға белгілеу жүйесі

5.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстаудағы нормалау мен баға белгілеудің негізгі міндеттері:

автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау шығындарын жоспарлауды, оны ұйымдастыру мен қаржыландыруды қамтамасыз ету;

металық құжаттаманы әзірлеу үдерісінде автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстаудың металық құнын айқындаудың дұрыстығын қамтамасыз ету.

металық құжаттаманы әзірлеу, орындалған жұмыстар актісін жасау үдерісінде автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстаудың металық құнын анықтаудың дұрыстығын қамтамасыз ету, инвестициялардың тиімділігін арттыру, қаржы қаражатының жұмсалуды оңтайландыру.

5.2 Автомобиль жолдарын жөндеуге және күтіп-ұстауға баға белгілеу саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесіне автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару және күтіп-ұстау есебінен автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға және көзделген міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілер (қағидалар), автомобиль жолдарын міндетті талаптарға және күтіп-ұстауға қатысты ережелерді белгілейтін өзге де нормативтік техникалық құжаттар міндетті нормалармен реттелмеген автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға қатысты ережелерді белгілейді (оқу құралдары, әдістемелік ұсынымдар).

5.3 Металық нормативтер - бұл автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстаудың құнын анықтаудың негізі болып табылатын баға белгілеу және сметалар бойынша нормативтік құжаттар кешенінің жалпыланған атауы:

- автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу мен күтіп-ұстаудың құнын анықтау тәртібі;

- жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыстарын, сондай-ақ қалалар мен елді мекендердің көшелерін орташа және ағымдағы жөндеу, күтіп-ұстау, көгалдандыру, диагностикалау және паспорттау жөніндегі металық нормалар;

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

- еңбек шығындарының сметалық бағаларын және автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау бойынша құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық бағаларды есептеу әдістемесі;

- автоматтандырылған өлшеу құралдарының кешеніне техникалық қызмет көрсету үшін ресурстар шығынының элементтік сметалық нормалары;

- жаңа технологияларды, жаңа техниканы және жаңа жол материалдарын қолдана отырып, орташа және ағымдағы жөндеу бойынша элементтік сметалық нормаларды есептеу әдістемесі;

- құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарына, монтаждау жабдықтарына арналған сметалық нормалар;

- құрылыс ресурстарына арналған сметалық бағалар;

- құрылысқа арналған жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар;

- құрылысқа арналған құн индекстері және басқалар.

5.4 Сметалық нормалар - бұл ресурстардың жиынтығы (жол жұмысшыларының шығындары, машина және механизмдердің жұмыс уақыты, материалдар, бұйымдар және құрылымдар қажеттіліктері), автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстаудың қабылданған өлшегіші. Сметалық нормалар табиғи (физикалық) шамалар немесе салыстырмалы түрде (пайыз, коэффициент түрінде) көрсетіледі.

Сметалық нормалар жұмыс түрлері бойынша технологиялық (техникалық-нормалау) карталар, хронометраждық жұмыстардың нәтижелері, шет елдердің прогрессивті нормаларын бейімдеу, материалдарға, бұйымдарға, құрылымдар мен жабдықтарға арналған қолданыстағы стандарттар, сондай-ақ есептеу-талдау әдісімен әзірленеді. Сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін технологиялық карталарда келтірілген жол жұмысшыларының адам-сағаттардағы еңбек шығындары, жұмысшылардың разрядтары, машина-сағаттардағы машиналар мен механизмдердің жұмыс уақыты, нормаланатын материалдардың шығыны, заттай мәндегі құрылымдар мәне бұйымдар пайдаланылады.

Сметалық нормалар қалыпты (стандартты, орташа) жағдайларда белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті операциялардың толық жиынтығын ескереді. Ерекше жағдайларда (тығыздығы, газдануы, жұмыс істеп тұрған жабдықтың жанында), сондай-ақ еңбек өнімділігіне әсер ететін өзге де жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезінде сметалық нормаларға сметалық нормаларды қолдану жөніндегі нормативтік техникалық құжаттарда және сметалық нормалар жинақтарының техникалық бөлімдерінде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

5.5. Сметалық тарифтік мөлшерлемелер (СТМ) автомобиль жолдарын жөндеуді және күтіп-ұстауды орындау кезінде еңбек шығындарының сметалық бағаларын анықтау кезінде, сондай-ақ жол жұмысшыларының, машинистердің, инженерлік бағыттағы мамандардың және автомобиль жолдарын күтіп-ұстаудың еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражатты айқындау

үшін сметалық құжаттаманы жасау кезінде нормативтік негіз ретінде қолданылады. Сметалық тарифтік мөлшерлемелер «Құрылыс» экономикалық қызмет түрі бойынша қызметкерлердің орташа айлық номиналды жалақысы туралы ақпаратпен белгіленеді.

5.6 Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған еңбек шығындарының сметалық бағалары (ЕШСБ) жол жұмысшыларының, тиісінше автомобиль жолдарын жөндеумен және күтіп-ұстаумен айналысатын инженерлік буын мамандарының еңбегін пайдалануға, автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарын орындауға және оларға қызмет көрсетуге және күтіп-ұстауға тікелей байланысты мердігердің шығындарын жабуға арналған сметалық шығындарды және автомобиль жолдарын нормативтік жұмыс орындаушыларының сметалық пайдасы. ЕШСБ сметалық құжаттаманы жасау және орындалған жұмыстар актісін қалыптастыру кезінде қолданылады.

Ескертпе - Жұмыстарды орындаушылардың нормативтік сметалық пайдасы сметалық құжаттамада мердігерлік жұмыстармен айналысатын жол жұмысшыларын қосымша материалдық ынталандыруға арналған қаражатты есепке алуға арналған. Жұмыстарды орындаушыларға телімде/нысанда өз күшімен жөндеу, құрылыс жұмыстарын тікелей орындайтын жөндеу-құрылыс ұйымының құрылымдық бөлімшелері жатады

5.7 Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрылымдарына (бұдан әрі – материалдық ресурстар), құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдаланудың өзіндік құнын құрайтын жабдықтар мен ресурстарға арналған сметалық бағалар Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша бағалар мониторингі нәтижесінде алынған деректер негізінде есептеледі.

Құрылыс материалдарының, бұйымдар мен құрылымдардың, жабдықтардың сметалық бағасы (ҚР СБЖ 8.04-08-XXX, ҚР СБЖ 8.04-09-XXX) материалдық ресурстар мен жабдықтарға арналған сметалық шығындарды айқындау үшін нормативтік база болып табылады.

Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрылымдарға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинақтары Қазақстан Республикасының өңірлері үшін қалыптастырылған. Аумақтық аймақтардың тізбесі Ж қосымшасында келтірілген.

5.8 Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық бағалар (машина-сағаттың сметалық бағалары) құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық шығындарды анықтау үшін нормативтік база болып табылады. Сметалық бағалар жөндеу кезінде сметалық құжаттаманы әзірлеу және күтіп-ұстау кезінде орындалған жұмыстардың актісін қалыптастыру кезінде қолданылады.

5.9 Құрылысқа арналған жүктерді тасымалдаудың сметалық бағалары (ЖТСБ) құрылыс жүктерін тасымалдаудың сметалық құнын анықтау үшін нормативтік база болып табылады.

5.10 Жеке шығыстар мен шығындарға арналған сметалық нормалар.

5.10.1 Күтпеген жұмыстар мен шығындарға арналған сметалық нормалар ақаулар актісінің шешімдерін нақтылау нәтижесінде орташа жөндеу жүргізу

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

барысында қажеттілігі туындайтын жұмыстар мен шығындардың құнын өтеу үшін қажетті қаражатты орташа жөндеудің сметалық құжаттамасында есепке алуға арналған. Ағымдағы жөндеуде бұл шығындар қарастырылмаған.

5.10.2 Сметалық пайда нормативі мердігерлік ұйымдарды дамытуға, автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды орындаушыларға арналған қаражатты сметалық құжаттамада есепке алуға, олардың қызметкерлерін (мердігерлік жұмыстармен айналысатын жұмысшылардан басқа) қосымша материалдық ынталандыруға, мердігерлік ұйымдардың мердігерлік қызметпен мердігерлік шарттарды, өзге де шығындарды (оның ішінде пайда есебінен жүзеге асырылатын салықтар мен төлемдерді төлеуге) орындау шеңберінде, жөндеу-құрылыс өнімдерінің өзіндік құнына жатқызылмайтын шығындарын жабуға қажетті айналым қаражатын толықтыруға байланысты шығындарды жабуға арналған. Сметалық пайда жөндеу-құрылыс өнімдері мен күтіп-ұстау жұмыстары құнының кепілді бөлігі болып табылады.

5.11 Жөндеуге арналған құн индекстері құн көрсеткіштерін алдағы кезендердің баға деңгейіне қайта есептеуге арналған (ҚР ҚБНҚ 8.01-06-xxxx. Құрылысқа арналған құн индекстері).

5.12 Сметалық нормалар мен бағалар, сондай-ақ оларда қамтылған ресурстар шығынының нормативтік көрсеткіштері материалдарды, бұйымдар мен құрылымдарды жұмыстарды өндіруге жұмсалатын шығынға есептен шығаруға, қызметкерлерге жалақы төлеуге, сондай-ақ механикаландыру ұйымдарымен құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдаланғаны үшін есеп айырысуға негіз болып табылмайды.

6 Автомобиль жолдарын жөндеудің сметалық құны

6.1 Автомобиль жолдарын жөндеу кезіндегі баға белгілеудің негізгі талаптары мен шарттары

6.1.1 Автомобиль жолдарын жөндеудің сметалық құнында автомобиль жолдарын жөндеу құны және сметалық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде айқындауға жататын өзге де шығындар ескеріледі.

6.1.2 Автомобиль жолдарын жөндеудің сметалық құны техникалық тапсырма (орташа жөндеу үшін), ақаулар актісі (Д қосымшасы), жұмыс көлемінің ведомості (жұмыс операцияларының тізбесін жасау және технологиялық процестің қабылданған өлшегішіне жұмыс көлемін есептеу), сметалық құжаттама және Тапсырыс берушінің басқа да бастапқы деректері негізінде айқындалады.

6.1.3 Жөндеу жұмыстарының сметалық құны ағымдағы бағамен ресурстық әдіспен есептеледі.

6.1.4 Жөндеу жұмыстарының құны осы Тәртіпке және ресурстар шығынының сметалық нормаларына, құрылыс ресурстарына қолданыстағы сметалық бағалар жинағына, сметалық нормалар жинағына және жалпы

пайдаланымдағы автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыстарын, сондай ақ қалалар мен елді мекендердің көшелерін орташа және ағымдағы жөндеу, күтіп-ұстау, көгалдандыру, диагностикалау және паспорттау жөніндегі жұмыстарға арналған бағалар, автоматтандырылған өлшеу құралдары (АӨҚ) кешеніне техникалық қызмет көрсетуге арналған ресурстар шығынының элементтік сметалық нормаларының жинағына сәйкес анықталады.

Қолданыстағы жинақтарда сметалық нормалар болмаған жағдайда Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар жинақтарының, Жөндеу-құрылыс (жол) жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар жинақтарының қолданыстағы Бөлімдерінің тиісті нормалары бойынша ресурстық сметалық-нормативтік база бағаларын қолдануға жол беріледі немесе оларды белгіленген тәртіппен кейіннен бекіте отырып, хронометраждық жұмыстар негізінде сметалық нормаларды әзірлеу қажет.

6.1.5 Алдағы күнтізбелік жылда жөнделуі жоспарланып отырған автомобиль жолдары мен құрылыстар бойынша сметалық құны құрылыс үшін тоқсандық құн индекстері арқылы алдағы кезеңдердің инвестициялар көлемін индексстеу жолымен айқындалады (ҚР ҚБНҚ 8.04-07-xxxx. Құрылысқа арналған құн индекстері).

6.1.6 Сметалық нормативтер негізінде жасалған сметалық құжаттама инвестициялық қызметті жоспарлауға және мердігерлік жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша (бұдан әрі – тапсырыс берушінің сметасы) конкурс өткізу үшін автомобиль жолдарын жөндеудің ең жоғары бағасын айқындауға арналған. Тапсырыс берушінің сметасы техникалық құжаттама құрамында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және сатып алу саласындағы заңнамаға сәйкес жөндеу жөніндегі жұмыстардың әлеуетті өнім берушілеріне (бұдан әрі – мердігерлер) беріледі. Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу кезінде мердігердің сметасын жасау және орындалған жұмыстарды қабылдау кезіндегі әдістемелік ұсынымдар Е қосымшасында берілген.

6.2 Сметалық құжаттаманың құрамы мен түрлері, жөндеу кезінде сметалық құжаттаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар

6.2.1 Сметалық құжаттаманың құрамы Сметалық құжаттамаға кіреді:

- орташа жөндеуге арналған түсіндірме жазба;
- орташа / ағымдағы жөндеу құнының жиынтық сметалық есебі;
- нысаналық смета (қажет болған жағдайда);
- жергілікті сметалар;
- шығындардың жекелеген түрлеріне арналған калькуляциялар, сметалық есептер (қажет болған жағдайда).

Орташа жөндеуге арналған сметалық құжаттаманың түсіндірме жазбасында мыналар келтіріледі:

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

1) автомобиль жолы орналасқан аумақтық ауданға (өңірдің, аумақтық аймақтың кодын көрсете отырып) сілтеме;

2) сметалық құжаттама әзірленетін құжаттарға сілтемелер;

3) қолданылған салалық сметалық-нормативтік базаны, баға деңгейін сипаттайтын деректер және осы жөндеу шарттарын ерекшелейтін басқа да мәліметтер;

4) басқа шығындардың негіздемесі. Мердігер анықталған жағдайда және басқа жұмыстар мен шығындарға арналған қаражатты есептеу кезінде мердігерлер мен басқа ұйымдардың есептік деректеріне сілтемелер болған жағдайда, тиісті құжаттардың көшірмелері қоса берілуі тиіс.

Қажет болған жағдайда осы автомобиль жолына және олардағы құрылысқа тән сметалық құнды айқындау тәртібі туралы басқа да мәліметтер келтіріледі.

6.2.2 Сметалық құжаттаманың түрлері.

Сметалық құжаттама жергілікті сметаларды, орташа/ағымдағы жөндеу құнының жиынтық сметалық есебін, жұмыстардың жеке түрлеріне арналған сметаларды және калькуляцияларды қамтиды.

Жергілікті сметалар (В қосымшасы, 3-нысан) бастапқы сметалық құжаттар болып табылады және келесілерге сүйене отырып, жұмыстар мен шығындардың жекелеген түрлеріне жасалады:

нормалауға жататын құрылымдардың, құрылыстардың және жұмыс түрлерінің ерекшеліктері;

технологиялық үдерістің қабылданған өлшегішіне арналған жұмыс операцияларының тізбесі және жұмыс көлемдерін есептеу;

жұмыстардың жекелеген түрлерін өндіруге арналған технологиялық карталарды және жұмыс сызбаларын (қажет болған жағдайда);

ерекшеліктерден, ведомостардан және жұмыс сызбаларынан қабылданған жабдықтардың номенклатурасы мен саны (қажет болған жағдайда).

Жергілікті сметада ескерілген жұмыстарды орындау үшін қажетті материалдық ресурстар мен жабдықтарға қажеттілік жергілікті сметаға материалдық ресурстар мен жабдықтар ведомосінде келтіріледі (В қосымшасы, 4-нысан).

Нысаналы сметалар (қажет болған жағдайда) өз құрамында жергілікті сметалардан алынған деректерді біріктіреді және сметалық құжаттар болып табылады, олардың негізінде жекелеген жұмыс түрлерінің сметалық құны және жергілікті сметалардың Нормативтік еңбек сыйымдылығының көрсеткіштері қалыптастырылады. (В қосымшасы, 2-нысан).

Нысаналы сметаны жасау кезінде жергілікті сметаларды А қосымшасына сәйкес бөлімдерге топтастыру жүргізіледі.

Жөндеу құнының жиынтық сметалық есебі.

Жөндеу құнының жиынтық сметалық есебінің позицияларында аталған сметалық құжаттардың нөміріне сілтеме көрсетіледі.

Жиынтық сметалық есептің тарауларында нысаналы сметаларда айқындалған жекелеген нысандар мен жұмыс түрлерінің сметалық құны «жөндеу-құрылыс жұмыстары», «жабдық», «өзге де шығындар», «жалпы сметалық құн» бағандары бойынша бөле отырып, жеке жолда көрсетіледі.

Жөндеу құнының жиынтық сметалық есебі нысаналы (қажет болған жағдайда), жергілікті смета негізінде және ҚР ЕР 218-162-2023 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оның шығындарды анықтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес инжинирингтік қызметтерге (техникалық қадағалау) байланысты тапсырыс берушінің шығындарын қоса отырып жасалады.

Материалдық ресурстар мен жабдықтардың жиынтық тізімдемесі В қосымшасының 5-нысанында жасалады.

Материалдар, бұйымдар мен құрылымдар құнының калькуляциясы сметалық құжаттаманы әзірлеу үдерісінде нақты нысанның шарттары үшін сметалық баға деңгейінде материалдық ресурстардың сметалық құнын есептеуге арналған (В қосымшасының 6-нысаны).

Тасымалданатын жүктің 1 тоннасына арналған **көлік шығындарының калькуляциясы** сметалық құжаттаманы әзірлеу үдерісінде нақты нысанның жағдайлары үшін теміржол (немесе) автомобиль көлігімен автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау үшін жүктерді тасымалдаудың сметалық құнын анықтауға арналған (В қосымшасының 7-нысаны).

6.2.3 Сметалық құжаттаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар.

Сметалық құжаттаманың нысандары В қосымшасында келтірілген.

Сметалық құжаттаманы есептеу және шығару жөніндегі арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып сметалық құжаттаманы жасау кезінде бастапқы деректер мен есептеу нәтижелерін KENML әмбебап форматында ұсыну қамтамасыз етіледі.

Жергілікті сметаны нөмірлеу автомобиль жолдарын орташа/ағымдағы жөндеу құнын жиынтық сметалық есептеудің қай тарауына енгізілгенін ескере отырып, нысаналы сметаны қалыптастыру кезінде жүргізіледі.

Нысаналы смета нөмірінде сандардың екі тобы болады: бірінші сан жиынтық сметалық есеп тарауының нөміріне, екінші екі сан – автомобиль жолдарын орташа/ағымдағы жөндеу құнын жиынтық сметалық есептеу тарауындағы жолдың реттік нөміріне сәйкес келеді. Мысалы, № 2-01 нысаналы смета.

Жергілікті және нысаналы сметаларды, шығындардың жекелеген түрлеріне арналған сметалық есептерді нөмірлеуді сметалық құжаттаманы әзірлеу кезеңінің нөміріне сәйкес келетін санмен толықтыруға жол беріледі.

Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау құнының жиынтық сметалық есебіне реттік нөмір берілмейді.

Есептеу нәтижелері және сметалық құжаттамадағы қорытынды көрсеткіштер.

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

Жергілікті сметаларда:

смета, бөлім, кіші бөлім, позиция (тармақ) бойынша қорытынды құн көрсеткіштері бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді;

қалған құн көрсеткіштері (жол, сондай-ақ аралық есептеу нәтижелері) үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектенеді;

смета, бөлім, бөлім бойынша нормативтік еңбек сыйымдылығының (еңбек шығындарының) қорытынды көрсеткіштері бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді, жолдық (аралық) – үтірден кейін 4 белгіге дейін;

заттай (физикалық) шамада көрсетілген көрсеткіштер үтірден кейін 4 белгіге дейін дөңгелектенеді.

Нысаналы сметаларда жергілікті сметалардан алынған жиынтық мәндер үтірден кейін үш таңбаға дейін дөңгелектеніп мыңмен көрсетіледі.

Автомобиль жолдарын жөндеу құнының жиынтық сметалық есептеулерінде нысаналы сметалардың жиынтық мәндері үтірден кейін үш белгіге дейін дөңгелектей отырып, мыңмен көрсетіледі.

Сметалық құжаттамадағы сандарды дөңгелектеу ережелері

Егер бөлінетін сандардың біріншісі 5-тен үлкен болса, онда қалған сандардың соңғысы бірлікке артады. Сондай-ақ, алынып тасталатын сандардың біріншісі 5-ке тең болғанда және оның артында бір немесе кейбір маңызды сандар болған кезде ұлғайту болжанады.

Егер алынатын сандардың біріншісі 5-тен аз болса, онда күшейту жүргізілмейді.

Егер 5 саны алынып, оның артында маңызды сандар болмаса, онда дөңгелектеу ең жақын жұп санға орындалады, басқаша айтқанда, соңғы қалдырылған сан, егер ол жұп болса, өзгеріссіз қалады және егер ол жұп болмаса, ұлғаяды.

6.3 Автомобиль жолдарын жөндеудің сметалық құнын анықтау

6.3.1 Автомобиль жолдарын жөндеудің сметалық құнының құрамы мен құрылымы.

Автомобиль жолдарын жөндеудің сметалық құны инвестициялардың құрылымына және автомобиль жолдарын жөндеуді жоспарлау мен ұйымдастыру тәртібіне сәйкес құнды ескереді:

- 1) жөндеу-құрылыс жұмыстары;
- 2) жабдықтар (орташа жөндеуге арналған);
- 3) өзгеде шығындар.

6.3.2 Сметалық құжаттамада жөндеу Жергілікті атқарушы органның бұйрығымен бекітілген көшелер мен жолдарды күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасына, көшелер мен жолдарды күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасына сәйкес ескеріледі.

6.3.3 Автомобиль жолдары нысанының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған жабдықтарға қойылатын негізгі талаптар тапсырыс беруші бекітетін техникалық тапсырмамен, сондай-ақ техникалық құжаттаманы әзірлеу үдерісінде белгіленеді.

Автомобиль жолдарын жөндеуге арналған сметалық құжаттамада орташа жөндеу жабдығының құны ескеріледі:

сатып алу (дайындау) және қоймаға немесе монтаждау (орнату) орнына жеткізу құны: ақы алу жүйесіндегі монтаждалатын немесе бөлшектелетін жабдықтың барлық түрлерінің кешендері, автоматтандыру және байланыс құралдары, автоматтандырылған өлшеу жүйелері.

6.3.4 Қосымша шығындарға жөндеу-құрылыс жұмыстарының, жабдықтардың құнына кірмейтін барлық басқа шығындар жатады.

Автомобиль жолдарын жөндеу құнын сметалық есептеудің 8 «Қосымша шығындар» тарауында ескерілетін қосымша шығындардың тізбесі және оларды сметалық есептеуге енгізу тәртібі Б қосымшасында келтірілген.

6.4 Автомобиль жолдарын жөндеуге арналған сметалық құжаттаманы жасау

6.4.1 Нысанның автомобиль жолдарын жөндеуге арналған сметалық құжаттама техникалық тапсырма, автомобиль жолының телімдерін тексеру актісі, ақаулар актісі және сметалық-нормативтік база негізінде жасалады.

6.4.2 Техникалық құжаттаманы әзірлеу кезінде отандық тауар өндірушінің материалдарын, бұйымдарын, құрылымдарын, жабдықтарын таңдау басым болып табылады.

6.4.3 Техникалық құжаттаманы әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1107 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12767 болып тіркелген) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорына енгізілген, тауарлардың, жұмыстардың, оларды жеткізушілердің көрсетілетін қызметтерінің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған қазақстандық өндірістің құрылыс материалдарын, бұйымдарын, құрылымдарын, жабдықтарын, жиһаздарын, құрал- жабдықтарын қолдану міндетті шарт болып табылады.

6.4.4 Жергілікті сметалар (В қосымшасының 3-нысаны) әзірленетін сметалық құжаттама бойынша қабылданған техникалық шешімдерге сәйкес бөлек жасалады:

Автомобиль жолдары, айырықтар, автомобиль жолдарының қиылыстары мен түйісулері, жолдарды жайластыру және жай-күйі, қорғаныс жол құрылыстары, жол және автокөлік қызметтерінің ғимараттары;

Көпірлер, өткелдер, жасанды құрылыстар.

6.4.5 Жергілікті сметаларда (В қосымшасының 3-нысаны) жұмыстың әрбір түрі ұсынылады

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

жекелеген тауарлардың сметалық құны
сметалық нормалармен ескерілмеген материалдық ресурстардың
сметалық құны;

орташа жөндеуге арналған жабдықтың сметалық құны ; тасымалдаудың
сметалық құны;

басқа шығындардың сметалық құны (бар болса).

6.4.6 Жергілікті сметаларда (В қосымшасының 3-нысаны) 7-баған бойынша кіші бөлімдер, бөлімдер бойынша және тұтастай алғанда жергілікті смета бойынша қорытынды деректер келтіріледі, олардан жол жұмысшыларының еңбегіне (оның ішінде жол жұмысшыларының еңбегіне ақы төлеуге), машиналар мен тетіктерге (оның ішінде машинистердің еңбегіне ақы төлеуге) арналған шығындар бойынша қорытынды деректер бөлінеді материалдар, бұйымдар мен құрылымдар, жабдықтар, тасымалдау, басқа да шығындар және жұмыстың нормативтік еңбек сыйымдылығы.

6.4.7 Жұмыстардың, ресурстардың атаулары, олардың шифрлары (кодтары), өлшем бірліктері сметалық нормативтер жинағының ұқсас позицияларына сәйкес өзгеріссіз келтіріледі.

6.4.8 Жұмыс көлемі жұмыс көлемінің тізімдемесі, жұмыс атауларын, олардың өлшем бірліктері мен санын, сызбалар мен ерекшеліктерге сілтемелерді (қажет болған жағдайда), жұмыс көлемін және материалдық ресурстардың шығысын есептеуді (есептеу формулаларын келтіре отырып), сондай-ақ автомобиль жолдарын жөндеудің және күтіп-ұстаудың сметалық құнын айқындау үшін қажетті өзге де және ұқсас деректерді көрсете отырып, ақаулар актісі негізінде айқындалады.

6.4.9 Ресурстарды бөлу (іріктеу) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сметалық нормаларға сәйкес техникалық құжаттама бойынша (жұмыс көлемінің тізімдемесі, ақаулар актісі, жұмыс сызбалары бойынша (қажет болған жағдайда), материалдарға, бұйымдарға, құрылымдар мен жабдықтарға арналған тізімдеме және ерекшелік бойынша) жүргізіледі.

Шығыны техникалық құжаттамаға (инертті материалдар, кабель, сымдар, құбырлар, металл құрылымдар және т.б.) тәуелді жекелеген материалдық ресурстар бойынша, ал сметалық нормалар кестелерінде тек атаулар көрсетіледі және шығыны «П» белгісімен белгіленеді, оларды қоймадан пайдалану орнына (шығын, табиғи кему) және жөндеу үдерісінде өңдеу кезінде пайда болған материалдық ресурстарға (қалдықтарға) ауыстыру кезінде сметалық құжаттаманы жасау кезінде осы материалдық ресурстардың шығыны техникалық құжаттама бойынша туындайтын жойылуы қиын шығындар мен қалдықтарды ескере отырып айқындалады.

Материалдардың қиын шығындары мен қалдықтарының шамасы автомобиль жолдарын жөндеу кезінде материалдардың қиын шығындары мен қалдықтарының нормативтерін әзірлеу және қолдану қағидаларына сәйкес үлгілік нормалар бойынша айқындалады. Нақты материал үшін шығындар мен қалдықтардың қолданыстағы үлгілік нормасы болмаған кезде ұқсас материал

үшін тиісті үлгілік норманы, ал аналогы болмаған кезде—материалдарды дайындаушы кәсіпорындардың техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес есептік деректерді қолдануға жол беріледі.

6.4.10 Құрылыс құрылымдары мен жабдықтарын бөлшектеуге арналған сметалық шығындарды айқындау кезінде тиеу, тасымалдау (жөндеу телімнің/нысанның кәдеге жарату мақсатында алып тастау немесе қоймаға қою орнына дейін) және құрылымдар мен жабдықтарды бөлшектеу кезінде алынған бұзу қалдықтары мен материалдарды түсіру құны қосымша ескеріледі. Бұзу қалдықтары мен бөлшектеу кезінде алынған материалдарды тасымалдаудың атауы, тізбесі, салмағы мен қашықтығы техникалық құжаттама негізінде айқындалады.

6.4.11 Сметалық нормалар нормативтік техникалық құжаттарда сметалық нормативтерді қолдануда және белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті жинақтардың техникалық бөліктерінде қамтылған талаптарды, шарттар мен шектеулерді ескере отырып, жөндеу көзделіп отырған нақты телімнің/нысанның және ауданның шарттары үшін қабылданады.

6.4.12 Техникалық құжаттамада көрсетілген материалдық ресурстар мен жабдықтардың құны және (немесе) техникалық құжаттаманы әзірлеуге арналған техникалық тапсырма сатып алу шарттарына (тапсырыс беруші, мердігер) қарамастан сметалық құжаттамада ескеріледі.

6.4.13 Сметалық құжаттаманы жасау кезінде материалдық ресурстарға арналған шығындар телім/жөндеу нысаны аймағы үшін белгіленген сметалық бағалар бойынша, жабдыққа – тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша (яғни, телім/жөндеу нысанын аймағын есепке алмағанда) қабылданады.

Екі немесе бірнеше аймақта орналасқан телімдер/нысандар үшін сметалық құжаттаманы жасау кезінде материалдық ресурстарға арналған шығындар телімнің/нысанның жалпы ұзындығының ұзындығы бойынша ең үлкен бөлігі орналасқан аймақ үшін белгіленген сметалық бағалар бойынша қабылданады.

Автомобиль жолының теліміне/нысанына кейбір материалдық ресурстарға сметалық бағалар болмаған жағдайларда, оларға арналған шығындарды автомобиль жолының теліміне/нысанына жақын аумақтық аймақ бойынша, жақын маңдағы карьерлерден немесе өндіруші кәсіпорындардан, олардың әкімшілік-аумақтық тиесілілігіне қарамастан, жүк тасымалдары үшін ашық жақын маңдағы теміржол станциясынан негізге ала отырып, қабылдау қажет. Материалдық ресурстар мен жабдықтарды жеткізудің көлік сұлбаларын тапсырыс беруші техникалық құжаттама құрамында бекітеді.

6.4.14 Материалдық ресурстар мен жабдықтардың атаулары техникалық құжаттамада көрсетілген ресурс үшін біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін маркасын, негізгі параметрлерін, техникалық сипаттамаларын, стандарттың белгіленуін көрсете отырып келтіріледі.

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

6.4.15 Материалдық ресурстар мен жабдыққа қажеттілік Материалдық ресурстар мен жабдықтардың жергілікті сметаға арналған тізімдемесіне (В қосымшасы, 4-нысан) және материалдық ресурстар мен жабдықтардың Жиынтық тізімдемесінде (В қосымшасы, 5-нысан) мынадай ретпен келтіріледі:

- 1) материалдық ресурстар атаулары, натуралық бірліктерде, аттас позициялардың жиынтық құнының кему тәртібімен сараланып;
- 2) жабдықтар атаулары, натуралық бірліктерде, аттас позициялардың жиынтық құнының кему тәртібімен сараланып;
- 3) өзге де материалдық ресурстар.

6.4.16 Жергілікті сметалармен (жергілікті сметалық есептеулермен) анықталатын сметалық құн жұмысшылардың еңбек шығындарының, құрылыс машиналары мен механизмдерін, материалдық ресурстар мен жабдықтарды пайдаланудың сметалық құнын ескереді.

6.4.17 Жергілікті сметаларда жұмыстың сметалық құнын есептеу жұмыс көлемін жұмыс бірлігінің сметалық құнына көбейту арқылы жүзеге асырылады.

6.4.18 Орташа жөндеуге арналған жабдықтың сметалық құны осы Тәртіпке сәйкес техникалық құжаттама негізінде айқындалады және жергілікті сметаларда ескеріледі.

Жабдықтардың тізбесі Техникалық құжаттаманы әзірлеуге арналған техникалық тапсырманы дайындау кезінде (қажет болған жағдайда) бастапқы деректердің құрамында айқындалады.

6.4.19 Жол жұмысшыларының еңбек ақысы тікелей жөндеу жұмыстарымен айналысатын жұмысшылардың еңбек ақысын қамтиды. Жол жұмысшыларының еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражат тиісті өңір үшін сметалық нормалар, сметалық тарифтік мөлшерлемелер (оның ішінде сметалық бағалар құрамында ескерілгендер) және техникалық құжаттама бойынша қабылданған жұмыс көлемі туралы деректер негізінде айқындалады.

Машинистердің еңбегіне ақы төлеу құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған шығындар құрамында ескеріледі және сметалық тарифтік мөлшерлемелер бойынша машиналар мен механизмдердің машина-сағаты құнының құрамында есептеледі.

6.4.20 Жұмыстарды орындауға жұмсалатын еңбек шығындарының сметалық құны нормативтік еңбек сыйымдылығына (адам-сағатта) және еңбек шығындарының сметалық бағасына негізделі отырып айқындалады. Нормативтік еңбек сыйымдылығы (еңбек шығындары) сметалық нормалар (жұмыстың өлшем бірлігіне) және техникалық құжаттама бойынша қабылданған жұмыс көлемі негізінде айқындалады. Еңбек шығындарының сметалық бағасы жұмыстың разрядын ескере отырып, тиісті өңір үшін автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған еңбек шығындарының сметалық бағалар жинағы бойынша қабылданады.

6.4.21 Құрылыс машиналарын пайдалануға арналған шығындар қажетті машиналардың нормативтік қажеттілігіне (машина-сағатта) және бір машина-сағаттың сметалық бағасына қарай айқындалады. Құрылыс машиналары мен механизмдердің бір машина-сағатының сметалық бағасы тиісті өңір үшін автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде пайдаланылатын құрылыс машиналары мен механизмдерді пайдалануға ағымдағы деңгейде сметалық бағалар жинағы бойынша қабылданады.

6.4.22 Материалдық ресурстардың сметалық құны құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрылымдарына арналған өңірлік (аймақтық) сметалық бағалар бойынша олардың атауы, техникалық параметрлері, сипаттамалары мен саны туралы деректер негізінде айқындалады.

Материалдық ресурстардың тізбесі мен саны олардың сметалық нормаларда келтірілген шығындарының нормативтік көрсеткіштері және техникалық құжаттама бойынша қабылданған жұмыстар көлемі негізінде қабылданады.

6.4.23 Техникалық құжаттамада, тиісті кезеңнің сметалық бағалар жинақтарында қабылданған қажетті техникалық параметрлері мен сипаттамалары бар жекелеген құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрылымдарына баға болмаған жағдайда, олардың құны тапсырыс берушінің бекітілген шешімдеріне сәйкес осындай ресурстардың сметалық бағалары бойынша айқындалуы тиіс. Мұндай материалдық ресурстардың өлшем бірлігінің сметалық бағасы техникалық құжаттамада қабылданған техникалық параметрлер мен сипаттамаларды ескере отырып, баға туралы ақпаратты пайдалана отырып, ең төмен бағамен анықталады.

Материалдық ресурстардың сметалық бағалары бойынша тапсырыс беруші бекіткен шешімдер сметалық құжаттаманы жасау кезінде оларды қолдану үшін негіз болып табылады.

6.4.24 Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрылымдарына сметалық бағалар жинақтарында ескерілмеген құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрылымдарының сметалық құны материалдық ресурстарды қоймаға немесе оларды жұмысқа беру орнына сатып алуға және жеткізуге жұмсалған барлық шығындардың сомасы ретінде айқындалады және өндірушінің (жеткізушінің) сату бағасын, көлік шығыстарын, дайындау-қойма шығыстарын қамтиды.

Сметалық бағалар жинақтарында ескерілмеген құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрылымдарын қоймаға немесе оларды жұмысқа беру орнына дейін жеткізу жөніндегі шығындарды айқындау үшін 1 тонна жүкке арналған көлік шығындарының калькуляциясы жасалады.

Материалдық ресурстарды жеткізу шарттары мен қашықтықтары көлік сұлбасына сәйкес қабылданады. Жеткізудің көліктік сұлбалары ұтымды логистикаға, жүктің класы мен сипаттамасына, жол санатына, көлік құралының түріне және оның жүк көтергіштігіне сүйене отырып, материалдық

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

ресурстың ең төменгі сметалық бағасын анықтауды ескере отырып әзірленеді. Материалдық ресурсты немесе жабдықты жеткізу көзі (мысалы, карьер, өндіруші кәсіпорын, теміржол станциясы) белгісіз болған жағдайда, тасымалдау қашықтығы ауданның әкімшілік орталығын, тиісті аумақтық аймақтың қаласын қоймаға дейін немесе оларды көлік сұлбасына сәйкес жұмысқа беру орнын құрайды. Жеткізудің көліктік сұлбаларын тапсырыс беруші техникалық құжаттама құрамында бекітеді.

Жүктерді тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстары, вагондарды беру құны тиеу(түсіру) және т.б. сметалық бағамен қабылданады.

6.4.25 Материалдарды, бұйымдар мен құрылымдарды жеткізуге, қабылдауға, есепке алуға, қоймада сақтауға және жұмысқа беруге тапсырыстарды орналастыруға байланысты шығындар дайындау-қойма шығыстарының есебімен жабылады.

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрылымдары үшін дайындау - қойма шығындары қолданыстағы сметалық-нормативтік базаның құрылыс ресурстарына сметалық бағаларды есептеу кезінде қолданылатын нормалар бойынша франко бағасынан анықталады.

6.4.26 Орташа жөндеу жабдығының құны жабдыққа тиісті кезеңнің есепті бағасынан кейін қабылданады.

6.4.27 Жинақтарда сметалық бағалар болмаған кезде жабдықтың құны тапсырыс берушінің қабылданған және бекітілген шешімдері негізінде осындай жабдықтың сметалық бағаларымен айқындалады. Мұндай жабдықтың сметалық бағасы техникалық құжаттамада қабылданған Жабдықтың техникалық параметрлерін, сапалық және пайдалану сипаттамаларын ескере отырып, ең төмен баға бойынша баға туралы ақпаратты пайдалана отырып айқындалады.

Техникалық тапсырманың типі мен маркасы бойынша сәйкес келетін жабдықтың сметалық бағасы бойынша тапсырыс берушінің бекітілген шешімдері бастапқы деректер ретінде (техникалық тапсырмада немесе сметалық бөлімді әзірлеу үдерісінде) мердігер ұйымға ұсынылады және сметалық құжаттаманы жасау кезінде оларды қолдану үшін негіз болып табылады.

Сметалық құжаттамада жабдықты жеткізуші туралы мәліметтер келтірілмейді.

6.4.28 Сметалық бағалар жинағы есепке алмаған орташа жөндеуге арналған жабдықтың сметалық құны осы жабдықты қоймаға немесе Жабдықты монтажға беру орнына сатып алуға және жеткізуге жұмсалған барлық шығындардың, сондай-ақ қоймада сақтауға байланысты шығындардың сомасы ретінде айқындалады. Жабдықтың сметалық құнында ескеріледі:

1) қосалқы бөлшектердің құнын, ыдыстың, буып-түюдің құнын қамтитын сату бағасы;

2) көлік шығындары;

- 3) дайындау-қойма шығындары;
- 4) кедендік баждар және салықтар;
- 5) шефмонтаждың құны(шефмонтаж шарттарында жеткізілетін жабдық үшін).

Жабдықтың сметалық құнын баға туралы ақпарат бойынша айқындау кезінде дайындау-қойма шығындарынан басқа жоғарыда аталған барлық шығындар (олардың болуы бойынша толық жазумен) ескеріледі. Сатып алу және сақтау шығындары жергілікті сметаны жасау кезінде есептеледі (К қосымшасы).

6.4.29 Жабдықтың сметалық құнында қосалқы бөлшектер баптау, іске қосу және игеру барысында жабдықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін бір жиынтықтың көлемінде ескеріледі.

6.4.30 Көлік шығындары жабдықты қоймаға немесе монтаждау орнына жеткізудің барлық шығындарын қамтиды. Қажет болған жағдайда сметалық бағалар жинақтарында ескерілмеген жабдықты қоймаға немесе оны жұмысқа беру орнына дейін жеткізу жөніндегі шығындарды айқындау үшін жүктің 1 тоннасына көлік шығыстарының калькуляциясы жасалады. Жабдықты жеткізу шарттары мен қашықтықтары көлік схемаларына сәйкес қабылданады. Жүктерді тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстары, вагондарды тиеуге (түсіруге) беру және т.б. құны сметалық бағамен қабылданады. Жеткізудің көліктік сұлбалары ұтымды логистикаға, жүк класы мен сипаттамасына, жол санатына, көлік құралының типіне, жүк көтергіштігіне сүйене отырып, жабдықтың ең төменгі сметалық бағасын анықтауды ескере отырып әзірленеді. Жеткізудің көліктік сұлбаларына тапсырыс беруші техникалық құжаттама құрамында бекітеді.

6.4.31 Сатып алу және сақтау шығындары жабдықтау тапсырыстарын орналастыру, қабылдау, есепке алу, жабдықты қоймада сақтау және жабдықты монтаждауға берумен байланысты шығындарды қамтиды.

Жабдыққа арналған сатып алу-қойма шығындары қолданыстағы сметалық-нормативтік базаның құрылыс ресурстарына сметалық бағаларды есептеу кезінде қолданылатын нормалар бойынша франко-нысаналы қойма бағасынан анықталады.

6.4.32 Кедендік баждар және жабдықтың сметалық құнына кіретін салықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

6.4.33 Жабдықтың құны орталық мемлекеттік органдар мен олардың тізімдемелері тиісті қызмет саласында жүзеге асыратын техникалық саясатты негізге ала отырып айқындалады.

Жабдықты таңдауды, техникалық құжаттаманы алдын ала әзірлеу немесе техникалық құжаттаманы өңдеу немесе сметалық құжаттаманы құрастырудың басында тапсырыс беруші алдын ала жүзеге асырады. Жабдықтың құны, тапсырыс берушіге, мердігер ұйымға, бастапқы деректердің сапасына, техникалық тапсырмаға, техникалық құжаттаманы әзірлеуге беріледі.

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

6.4.34 Техникалық құжаттамада қабылданған сметалық жабдықтарды анықтау есептік бағалар жинағымен есептелмеген бағалар туралы ақпаратты пайдалануға рұқсат етіледі.

Жабдықтың сметалық бағасы бойынша Тапсырыс беруші бекіткен шешімдер сметалық құжаттаманы жасау кезінде оларды қолдану үшін негіз болып табылады.

Сметалық құжаттамада жеткізушілер (өндірушілер) туралы мәліметтер келтірілмейді.

6.4.35 Сметалық бағалар жинағында ескерілмеген материалдық ресурстардың, жабдықтардың бағасы туралы ақпарат.

6.4.35.1 Баға туралы ақпаратта ИНКОТЕРМС («франко» түрі) терминдерінде жеткізу шарттары туралы мәліметтер келтіріледі. Егер мұндай шарттар көрсетілмесе, онда баға осындай материалдық ресурстарды, жабдықтарды автомобиль жолдарының теліміне/нысанына жеткізуді ескере отырып толығымен берілген деп есептеледі. Бұл жағдайда көлік шығындары қосымша есепке алынбайды.

6.4.35.2 Бағалар туралы ақпарат техникалық құжаттамаға сараптама жүргізу үшін сараптама жасау ұйымына техникалық құжаттама берілген күнге дейін алты айдан аспайтын кезеңде алынуға тиіс.

6.4.36 Техникалық құжаттамада жеке стандартталған (бейімделген) және (немесе) стандартталмаған жабдыққа егжей-тегжейлі техникалық талаптар болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің келісімі бойынша мұндай жабдықтың сметалық бағасын айқындауға сараптама жүргізу үшін сараптамалық ведомстволық ұйымға техникалық құжаттама ұсынылған күнге дейін алты ай бұрын алынған бағалар туралы ақпаратты пайдалана отырып жол беріледі.

Мұндай құнды бағалардың тиісті деңгейіне келтіру жөндеу үшін құн индекстерін пайдалана отырып немесе Тапсырыс беруші келіскен күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша шетел валютасындағы импорттық жабдықтың құнын теңгемен аудару жолымен жүзеге асырылады.

6.4.37 Сметалық бағалар жинағында есепке алынбаған материалдық ресурстарға, жабдыққа арналған сметалық бағалар тізбесі.

6.4.37.1 Сметалық бағалар жинақтарында ескерілмеген және баға туралы ақпаратты пайдалана отырып айқындалған материалдық ресурстарға, жабдыққа сметалық бағалар тапсырыс берушінің бекітуі үшін тізімге енгізіледі.

6.4.37.2 Тізбеде: ресурс атауы, өлшем бірлігі, өлшем бірлігіне арналған сметалық баға (қосылған құн салығын есептемегенде), баға туралы ақпарат көзіне сілтеме, сметалық бағаны есептеу (қажет болған жағдайда) келтіріледі.

6.4.38 Негізгі қорларда тізімделген жабдықты пайдалану кезінде бөлшектеуге және ауыстыруға белгіленеді, жергілікті сметаларда тек

бөлшектеуге және қайта монтаждауға арналған қаражат көзделеді, ал жабдықтың баланстық құны есепке алынбайды.

6.4.39 Нысаналық сметалар жергілікті сметалар сияқты баға деңгейінде әзірленеді.

6.4.40 Нысаналық сметалар «жөндеу-құрылыс жұмыстары», «жабдықтар», «өзге де шығындар», «барлығы» тиісті бағандары бойынша жұмыстар мен шығындардың сметалық құнын топтастыра отырып, осы жергілікті сметалардың жеке-жеке жасалады. Жергілікті сметалардың қорытынды деректері бойынша нысаналық сметаларда еңбекке ақы төлеуге арналған нормативтік еңбек сыйымдылығы және қаражат көрсетіледі.

Нысаналық сметаның позициялары бойынша жұмыстардың жекелеген түрлерінің бірлік құнының көрсеткіштері және нысанның есептік өлшегішіне арналған шығындар есептеледі.

6.4.41 Сметалық лимитті айқындау үшін қажетті шығындардың жекелеген түрлеріне арналған сметалық есептер, егер шығындардың бұл түрлері сметалық нормативтермен ескерілмесе, сметалық бағалар деңгейінде осы шығындардың құнын есептеу жолымен жасалады.

6.4.42 Жиынтық сметалық есепте қаражат келесі бөліктер мен шығындар бойынша бөлінеді:

I бөлім «Сараптама» орташа жөндуге арналған;

II бөлім «Автомобиль жолдарын орташа/ағымдағы жөндеу»;

III бөлім «Инженерлік қызметтер. Техникалық қадағалау»;

Қосылған құн салығы

6.4.43 Автомобиль жолын орташа/ағымдағы жөндеуге арналған құнның жиынтық сметалық есебінің II бөлімінде:

2-тарау «Құрылыс. Автомобиль жолы».

3-тарау «Қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы нысандар» (қажет болған жағдайда)

4-тарау «Энергетикалық шаруашылық нысандары, оның ішінде сыртқы жарықтандыру».

5-тарау «Көлік шаруашылығы және байланыс нысандары» (қажет болған жағдайда).

6-тарау «Сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау құрылыстарының сыртқы желілері» (қажет болған жағдайда).

7-тарау «Аймақты абаттандыру және көгалдандыру» (қажет болған жағдайда).

8 тарау. Қосымша шығындар

Тиісті тарауда көзделген жұмыстар мен шығындар болмаған жағдайда, бұл тарау келесі тараулардың өлшемдерін өзгертпей жіберіледі.

6.4.44 Автомобиль жолдарын орташа/ағымдағы жөндеу құнының жиынтық сметалық есебінде жөндеудің сметалық құнының шығындарын бөлу қорытындылары көрсетіледі (4÷7 бағандарда):

- жиынтық сметалық есептеудің әрбір бөлігі;

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

- II бөлімде - әрбір тарау бойынша (тараудың ішінде бөлімдер болған кезде – әрбір бөлім бойынша), 1÷8 тараулар бойынша жиынтық қорытындылар, 5% мөлшерінде сметалық пайда (жөндеу-құрылыс жұмыстарының құнынан, 4,7 бағанда көрсетіледі) және күтпеген жұмыстарға арналған қаражат және 2% мөлшеріндегі шығындар (жөндеу-құрылыс жұмыстарының құнынан) есептелгеннен кейін орташа жөндеуге арналған жұмыстар қосылған құн салығын есепке алмағанда, 4,7-бағанда көрсетіледі);

Жабдықтың құнына және басқа шығындарға сметалық пайда есептелмейді.

Орындалған жұмыстарды есептеу кезінде күтпеген жұмыстарға арналған қаражат және жөндеу құнын сметалық есептеуде көзделген шығындар тапсырыс берушінің иелігінде қалады. Жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында күтпеген жұмыстар мен шығындар туындаған жағдайда, оларды орындау қажеттілігі туралы негіздеме болған кезде көрсетілген құралдар пайдаланылады. Бұл ретте ақаулар акті, сметалық есеп жасалады, тапсырыс беруші бекітеді. Нысанды жөндеу және пайдалануға қабылдау аяқталғаннан кейін пайдаланылмаған күтпеген жұмыстар мен шығындарға арналған қаражаттың бір бөлігі тапсырыс берушінің иелігінде қалады және тиісті бюджетке қайтарылуға жатады.

I÷III бөлімдер бойынша барлығы;

қосылған құн салығынан кейін –«Жиынтық сметалық есеп бойынша барлығы».

6.4.45 Егер автомобиль жолының телімін/нысанын жөндеу әр түрлі күнтізбелік жылдарда (өтпелі телімді/нысанды) жөндеу жүргізілсе, онда жөндеу жұмыстарының құны жөндеудің нормативтік ұзақтығына және жөндеудің басталуына байланысты жылдар бойынша бөлінеді. Тапсырыс беруші жөндеу жұмыстарының басталу күнін мердігерге техникалық құжаттаманы әзірлеуге арналған техникалық тапсырмамен немесе үдерісте сметалық құжаттаманы құрастыру басталғанға дейін техникалық құжаттаманың бөлінуімен бірге береді.

Жөндеу құнын жылдар бойынша бөлу жиынтық сметалық калькуляцияның II бөлігінің шығындарының 1÷8 тараулары (4÷7-бағандары) бойынша жиынтықтан келесі ретпен дәйекті түрде жүргізіледі:

жалпы сомасы техникалық құжаттаманы әзірлеу кезеңіндегі бағаларда көрсетіледі;

жөндеу жұмыстарының құны жылдар бойынша (тиісті жыл(жылдарды) қоса алғанда) бөлінеді;

болжамдық құны жөндеу жылы бойынша есептеледі;

жалпы сомасы жылдар бойынша бөлуді ескере отырып көрсетіледі; содан кейін нәтижелер тармақта көрсетілгендей жылдар бойынша бөлінеді

6.4.46 Құрылыс. Автомобиль жолы тарауында негізгі технологиялық функцияларды орындауға арналған орташа/ағымдағы жөндеуге арналған қаражатты қамтиды.

Көпірлер, эстакадалар, электр беру желілері және басқалар сияқты құрылыстарды жөндеу құнының жиынтық сметасымен бөлек техникалық құжаттама әзірленген жағдайда, оларды жөндеуге арналған қаражат 2-тарауға енгізіледі.

6.4.47 Жөндеу құнының жиынтық сметасының II бөлімінің 1÷8 тараулары тізбесі тараулардың тақырыптарына сәйкес келетін нысандар кіреді.

6.4.48 Қосылған құн салығын есепке ала отырып, орташа/ ағымдағы жөндеу құнының жиынтық сметасы II бөлімінің нәтижелері бойынша құны белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық құжаттама бойынша автомобиль жолдарын орташа жөндеудің құнын айқындайды.

6.4.49 Техникалық қадағалауға қаражат осы Тәртіптің талаптарына сәйкес жүргізілген есептеулердің нәтижелері бойынша жиынтық сметаның III бөлігінде есепке алынады (қосылған құн салығын есептемегенде).

- осы Тәртіптің талаптарына сәйкес жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары үшін. Инжинирингтік қызметтерге (техникалық қадағалау) арналған қаражаттың нормативтік лимиті ҚР ЕР 218-162-2023 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оның шығындарын анықтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес анықталады.

Жөндеу алдағы (алдағы) күнтізбелік жылда (жылдары) жоспарланатын учаскелер/объектілер бойынша техникалық қадағалау құны құрылыс үшін құн индекстері арқылы алдағы кезеңдердің инвестициялар көлемін индекстеу жолымен айқындалады.

Тапсырыс берушінің сметасымен айқындалған техникалық қадағалауға арналған қаражат лимиті жөндеудің барлық кезеңіне белгіленеді.

Қаражат 6-7-бағандарда көрсетіледі.

6.4.50 Қосылған құн салығы сомасының есебі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жиынтық сметалық есептің I÷ III бөліктері бойынша қорытындылар сомасынан орындалады.

Қосылған құн салығы жиынтық сметалық есепте 6 және 7-бағандардағы жеке жолмен есепке алынады.

Жөндеу құны қосылған құн салығын ескере отырып, жиынтық сметалық есеп бойынша жалпы сметалық құн болып саналады.

7 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстаудың сметалық құны

7.1 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға қойылатын негізгі талаптар және баға белгілеу шарттары

7.1.1 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша жұмыстар мен қызметтердің құны жұмыстардың түрлерін, көлемін және сметалық бағаны айқындауды көздейді.

7.1.2 Жұмыс түрлері, көлемі және осы жұмыстарды орындаудың сметалық бағасы белгіленген есептік кезеңге айқындалуы мүмкін:

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға арналған шарттың жоспарлы қолданылу мерзіміне (бастапқы бағаны қалыптастыру кезінде);

бюджеттік жоспарлау кезеңіне (бюджеттік жоспарлау кезінде).

7.1.3 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша жұмыстар бекітілген қаржыландыру нормативтеріне сәйкес бөлінген қаражат шегінде нәтижелер негізінде жоспарланады:

1) автомобиль жолдарын және олардағы құрылыстарды ақаулар тізімдемесі бойынша қарау;

2) жол қозғалысы қауіпсіздігінің инженерлік-техникалық рәсімдерін жүргізу;

3) шешім қабылдау және тиісті жұмыстар жүргізу кезеңінде автожол нысандарын ғылыми-техникалық сүйемелдеу;

4) жолдардың белсенді және пассивті қауіпсіздігін жетілдіруге, ЖКО шоғырлану орындарын жоюға, автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстардың сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды мерзімінен бұрын тозудан қорғауға бағытталған негізделген ұсыныстар.

7.1.4 Күтіп-ұстау бойынша жұмыстар мен қызметтердің құны ағымдағы бағамен ресурстық әдіспен есептеледі.

7.1.5 Күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны осы Тәртіпке сәйкес құрылыс ресурстарына сметалық бағалардың тиісті қолданыстағы жинақтарымен, Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыстарын, сондай-ақ қалалар мен елді мекендердің көшелерін орташа және ағымдағы жөндеу, күтіп-ұстау, көгалдандыру, диагностикалау және паспорттау жөніндегі жұмыстарға арналған сметалық нормалар мен бағалар жинағымен, Автоматтандырылған өлшеу құралдарының (АӨҚ) кешеніне техникалық қызмет көрсетуге арналған ресурстар шығынының элементтік сметалық нормаларының жинағы бойынша анықталады.

7.1.6 Қолданыстағы жинақтарда сметалық нормалар болмаған кезде Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар жинағы, Жөндеу-құрылыс (жол) жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар жинағы бөлімдерінің тиісті нормалары бойынша ресурстық сметалық-нормативтік базадан бағаларды қолдануға жол беріледі немесе оларды белгіленген тәртіппен кейіннен бекіте отырып, хронометраждық жұмыстар негізінде сметалық нормаларды әзірлеу қажет.

7.1.7 7.1.5-тармақтың сметалық нормативтерін қолдану басым болып табылады.

7.1.8 Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде шығындарды есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар Е қосымшасында берілген.

7.2 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде жұмыстар мен қызметтердің құнын қалыптастыру тәртібі

7.2.1 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнын анықтау үшін:

- Г қосымшасының 1-нысанына сәйкес автомобиль жолын күтіп-ұстау бойынша орындалған жұмыстар актісі;

- Г қосымшаның 2-нысанына сәйкес орындалған жұмыстардың құны және автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша шығындар туралы анықтама.

Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыс түрлері жергілікті атқарушы органның бұйрығымен бекітілген көшелер мен жолдарды күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасына және жол активтерін басқаруға сәйкес ескеріледі.

Сметалық құжаттаманы есептеу және шығару жөніндегі арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып құжаттаманы жасау кезінде бастапқы деректер мен есептеу нәтижелерін KENML әмбебап форматында ұсыну қамтамасыз етіледі.

Автомобиль жолдарын күтіп ұстау бойынша орындалған жұмыстарды актіге негізгі жұмыстарды, өзге де шығыстар мен қосымша шығындарды енгізу тәртібі Г қосымшасының 3-нысанына сәйкес жасалады.

7.2.2 Жол жұмысшыларының еңбегіне ақы төлеу жолдарды тікелей пайдаланумен айналысатын, оның ішінде құрылыс ішіндегі көлікте жұмыс істейтін жол жұмысшыларының еңбегіне ақы төлеуді қамтиды. Жол жұмысшыларының еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражат жұмыстың разрядын ескере отырып, тиісті өңір үшін автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған еңбек шығындарының сметалық бағалар жинағы негізінде айқындалады.

Машинистердің еңбегіне ақы төлеу құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған шығындар құрамында ескеріледі және сметалық тарифтік мөлшерлемелер бойынша машиналар мен механизмдердің машина-сағаты құнының құрамында есептеледі.

Жұмыстарды орындауға жұмсалатын еңбек шығындарының сметалық құны нормативтік еңбек сыйымдылығына (адам-сағатта) және еңбек шығындарының сметалық бағасына негізделі отырып айқындалады. Нормативтік еңбек сыйымдылығы (еңбек шығындары) сметалық нормалар негізінде (жұмыстың өлшем бірлігіне) айқындалады. Орындалған жұмыстардың актісін жасау кезінде еңбек шығындарының сметалық бағасы қолданылады.

7.2.3 Құрылыс машиналарын пайдалануға арналған шығындар қажетті машиналардың нормативтік қажеттілігіне және бір машина-сағаттың сметалық бағасына сүйене отырып айқындалады. Құрылыс машиналары мен тетіктерінің бір машина-сағатының сметалық бағасы тиісті өңір үшін автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде пайдаланылатын құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

арналған ағымдағы деңгейде сметалық бағалар жинағы бойынша қабылданады.

7.2.4 Материалдардың, бұйымдар мен құрылымдардың құны (бұдан әрі, егер өзгесі көрсетілмесе - материалдар) тиісті кезеңнің сметалық-нормативтік базасында келтірілген бағалар бойынша айқындалады. Ағымдағы деңгейде сметалық бағалар жинақтарында қажетті техникалық параметрлері мен сипаттамалары бар жекелеген құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрылымдарына арналған баға болмаған жағдайда, олардың құны тапсырыс берушінің бекітілген шешімдеріне сәйкес осындай ресурстардың сметалық бағалары бойынша анықталуы тиіс. Мұндай материалдық ресурстардың өлшем бірлігінің сметалық бағасы кемінде екі балама ұсыныс бере отырып, неғұрлым үнемді нұсқа бойынша ағымдағы бағалар туралы ақпаратты пайдалана отырып анықталады.

7.2.5 Автомобиль көлігімен жұмысшыларды тасымалдау шығындарын өтеуге арналған қаражат осы жұмыстарды орындайтын ұйымның орналасқан жері жұмыс жүргізілген жерден 3 шқ-нан астам қашықтықта болған кезде орындалған жұмыстар актісіне енгізіледі. Жұмысшыларды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде шығындардың шамасы тиісті көлік түріне арналған тарифтер негізінде анықталады.

Тасымалдау қашықтығы жолдың қызмет көрсетілетін телімінің ортасына дейін анықталады. Жұмысшыларды тасымалдау шығындарының есебін Тапсырыс берушінің өкілі растайды және оған ұйым басшысы қол қояды.

7.2.6 Автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезінде машиналар мен механизмдердің кезекшілігі бойынша шығындарды өтеуге арналған қаражат тиісті машиналар мен механизмдер бойынша кезекшілік кестесі мен журналы негізінде автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау кезінде машиналар мен механизмдердің кезекшілігі бойынша шығындарды есептеумен анықталады. Шығындарды есептеу есепті айдағы жұмыстардың негізгі өндірісі үшін шығу уақытын шегергендегі машиналар мен механизмдердің кезекшілігінің машина-сағаттарының нақты саны бойынша анықталады.

7.2.7 Жұмысшыларға жұмыстың жүріс-тұрысты сипатына байланысты өтемақы төлемдері. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 130-бабына сәйкес есептеу негізінде айқындалады.

7.2.8 Халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының телімдерінде орындалған жұмыстар актілерінде жұмыстардың қорытындысына 15% ($K=1,15$) мөлшерінде жол қызметі нысандарын - жол-пайдалану кешендерін (ЖПК) күтіп-ұстауға (сумен, жылумен, электрмен және газбен қамтамасыз ету қызметтері үшін ақы төлеу, құрылымдардың, әрлеудің және инженерлік жабдықтардың тозуының алдын алу бойынша уақтылы жұмыстарды орындау, пайдалану үдерісінде туындайтын құрылымдар мен жабдықтардағы ұсақ зақымданулар мен ақауларды жою, техникалық қызметкерлердің жалақысы, әкімшілік-шаруашылық шығындар, күтіп-ұстауға арналған өзге де шығындар) арналған шығындарды ескеру қажет.

7.2.9 Сметалық пайданы орындалған жұмыстар актісінің жиынтық қорытындыларына 5% мөлшерінде есептеу қажет.

7.2.10 Құн көрсеткіштерін тиісті кезеңнің баға деңгейіне қайта есептеуге арналған құн индекстері.

7.2.11 5% сметалық пайданы есептемегендегі бөгде ұйымның (қажет қосымша шығындар, үшінші тарап ұйымдары (қажет болған жағдайда), оның ішінде.

7.2.11.1 Экологиялық апат және радиациялық тәуекел аймақтарында қосымша еңбекақы төлеуге арналған шығындар. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады, есептеулер автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған еңбек шығындарының сметалық бағалар жинағында көрсетілген.

7.2.11.2 Семей полигонында ядролық қаруды сынау салдарынан радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұратын жұмысшыларға қосымша еңбекақы және әлеуметтік қолдау шығындары. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады, есептеулер автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған еңбек шығындарының сметалық бағалар жинағында көрсетілген.

7.2.11.3 Автомобиль жолдарын, көлік айрықтарын, көпірлерді, санитариялық-гигиеналық тораптарды және т.б. жарықтандыруға жұмсалатын электр энергиясы үшін ақы төлеуге байланысты шығындар энергиямен жабдықтаушы ұйым есепті айда берген бухгалтерлік құжат негізінде орындалған жұмыстар актісіне енгізіледі.

7.2.11.4 Қоқыстарды, материалдарды жою құны.

7.2.11.5 Дезинфекциялау шығындары және т.б.

7.2.11 Жиынтық қорытындыға қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіппен есептеледі.

А қосымшасы
(міндетті)

А.-кесте - Жергілікті сметадалардағы мәліметтерді бөлімдер, бөлімшелер бойынша топтастыру

Код	Тараудың нөмірі	Нысан алық смета тарауының нөмірі	Нысаналық смета тарауының атауы	Жергілікті сметаның атауы	Жергілікті сметалық бөлімнің атауы	Жергілікті смета бөлім шесінің атауы	Жұмыс түрлері
А. Құрылыстар. Автомобиль жолдары							
A.2.0	2	2-01	Автомобиль жолы	Автомобиль жолы	Жер жамылғысы. Жол төсемесі		Жер төсемесін жөндеу: құламаларды нығайту; Жол жиектерін жөндеп тегістеу, жер төсемесі мен жол жиектерін толтыру, су бұрғыж дренажды, қорғаныш және т.б. құрылыстар жөндеу. Негізді жөндеу: шағыл тасты негіздерді тығыздау, органикалық емес қоспаларды қолдана отырып, төменгі қабаттарды салу, жамылғыны суық регенерациялау (суық ресайклирлеу) әдісімен фрезерленген асфальтбетон қоспасынан негізді салу, жол төсемесінің негізін салу және т.б. Жол төсемесін жөндеу және т.б.

А кестенің жалғасы

Код	Тараудың нөмірі	Нысан алық смета тарауының нөмірі	Нысан алық смета тарауының атауы	Жергілікті сметаның атауы	Жергілікті сметалық бөлімнің атауы	Жергілікті смета бөлім шесінің атауы	Жұмыс түрлері
				Автомобль жолдарының айырықтары, қиылыстары және түйісулері	1. Жер жамылғысы 2. Жол төсемесі		Жер төсемесін жөндеу: құламаларды нығайту; Жол жиектерін жөндеп тегістеу, жер төсемесі мен жол жиектерін толтыру, су бұрғыж дренажды, қорғаныш және т.б. құрылыстар жөндеу. Негізді жөндеу: шағыл тасты негіздерді тығыздау, органикалық емес қоспаларды қолдана отырып, төменгі қабаттарды салу, жамылғыны суық регенерациялау (суық ресайклирлеу) әдісімен фрезерленген асфальтбетон қоспасынан негізді салу, жол төсемесінің негізін салу және т.б. Жол төсемесін жөндеу және т.б.
				Жолды жайластыру және жабдықтау, қорғаныш жол құрылыстары Автоматтандырылған өлшеу құралдарының (АӨҚ) техникалық кешені	1. Жол белгілері 2. Таңба 3. Жол қоршаулары		Жол белгілерін ауыстыру. Таңбалау, сигнал бағандарын ауыстыру. Жол қоршауларын жөндеу және т. б. Жол белгілерін тексеру және түзету Электрондық ақпараттық таблоғатехникалық қызмет көрсету және т. б.

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

А кестенің жалғасы

Код	Тараудың нөмірі	Нысан алық смета тарауының нөмірі	Нысаналық смета тарауының атауы	Жергілікті сметаның атауы	Жергілікті сметалық бөлімнің атауы	Жергілікті смета бөлім шесінің атауы	Жұмыс түрлері
				Жол және автомобиль көлігі қызметтерінің ғимараттары мен құрылыстары			Жол және автокөлік қызметтерінің ғимараттары мен құрылыстарының қасбетін, қабырғаларын, шатырын жөндеу
A2.0	2	2-02	Көпірлер.	Көпірлер. Өтпезолдар	1. 1,2 тректер және т. б. 2. Аралық құрылыстар 3. Көпір төсемесі 4. Көпірлердің кіреберістермен түйісуі		Аралық құрылыстар мен тіректердің қарау құрылғыларын жөндеу және қалпына келтіру, тіректердің денесін жөндеу, темірбетонды аралық құрылыстардың тіреу орындарында тірекбөліктерін күшейту, көпірлерде күрделі емес жөндеу жұмыстарын орындау және т. б.
				Жасанды құрылыстар.	1. Жасанды құрылыстар. 2. Су өткізгіш құбырлар. 3. Туннельдер 4. Тірек қабырғалары		Су өткізгіш құбырларды және су бағыттағыш құрылымдарды (білік, тоғандар, қайта өткізу құбырлары, сүзгіш үйінділер, науалар, лай жинағыштар және т.б.) жөндеу Туннельдердің құрылымдары мен тірек қабырғаларды жөндеу

Б қосымшасы
(міндетті)

Орташа жөндеу құнын сметалық есептеу тарауына енгізілетін өзге де жұмыстар мен шығындардың тізбесі

№ р/б	Жиынтық сметалық есеп тарауларының нөмірі, жұмыстар мен шығындардың атауы	Жұмыстар мен шығындардың құнынанықтау тәсілі және негіздемесі (жиынтық сметалық есептеуге енгізу тәртібі)
1	2	3
	8-бөлім. Қосымша шығындар	
1	Жұмыстың көшпелі сипаты үшін қызметкерлерге өтемақы төлемдері	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі негізінде сметамен анықталады (4 және 7- бағандарда көрсетіледі)
2	Техниканы жұмылдыру мен демобилизациялауға арналған шығындар (құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану машина-сағатының құнында ескерілген елді мекен мен телім/нысан шегінде көшіруді қоспағанда)	Жергілікті мердігерлік ұйымдардың қуаттарын ұтымды пайдалану шарттарын негізге ала отырып, техникалық шешім негізінде, ал олар жөндеу орнына жақын өңірлерден жеткіліксіз болған кезде есеппен анықталады (6 және 7-бағандарда көрсетіледі).
3	Автомобиль көлігімен жөндеу-құрылысұйымдарын жұмыс орнына және кері тасымалдау шығындары.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады (6 және 7-бағандарда көрсетіледі), есептеулер Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау бойынша еңбек шығындарының сметалық бағалары жинағында көрсетілген
4	Семей полигонындағы ядролық қарудысынау салдарынан радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұратын жұмысшыларғақосымша еңбекақы төлеу жәнеәлеуметтік қолдау шығындары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын (6 және 7-бағандарда көрсетілген) есеп айырысулар Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеуге және күтіп-ұстауға арналған еңбек шығындарының есептік бағалары жинағында көрсетіледі

В қосымшасы
(міндетті)

Жөндеу кезіндегі сметалық құжаттаманың нысандары

1-нысан

Атауы _____

Тапсырыс беруші _____

(ұйымның атауы)

Бекітілді

Жиынтық сметалық есеп бойынша жалпысметалық

құны оның ішінде:

_____ мың теңге

қосылған құн салығы _____

_____ мың теңге

_____ (бекіту туралы құжатқа сілтеме)

" _____ " _____ 20 жыл.

**Автомобиль жолдарын орташа/ ағымдағы жөндеуге
арналғанқұнның жиынтық сметалық есебі**

_____ (нысанның атауы)

20 жылғы бағаларды жасалды

Реттік нөмірі	Сметалар мен есептің нөмірлері, өзге де құжаттар	Бөлімдердің, тараулардың, жұмыстар мен шығындардың атауы	Сметалық құны, мың теңге			Жалпы сметалық құны, мың теңге
			Жөндеу-құрылыс жұмыстар	Жабдықтар	Басқа да шығындар	
1	2	3	4	5	6	7

Басшы _____ қолы (бірінші әріптері, тегі)

Бас инженер _____ қолы (бірінші әріптері, тегі)

Бөлім бастығы _____ қолы (бірінші әріптері, тегі)
(атауы)

2-нысан

Құрылыстың атауы _____

Нысаналық смета № _____

автомобиль жолдарын орташа/ағымдағы жөндеу

(нысанның атауы)

Жұмыстар мен шығындардың сметалық құны _____ мың теңге
 Нормативтік еңбек сыйымдылығы _____ мың адам-сағ.

Еңбекақы төлеуге арналған қаражат _____ мың теңге
 Бірлік құнын есептеу өлшегіші Бірлік құнының көрсеткіші _____ мың теңге/(есептік өлшегіш)

20__ жылғы бағаларды жасалды

еттік өмірі	Смета және есептер нөмірлері	Жұмыстар мен шығындардың атауы	Сметалық құны, мың теңге				Нормативтік еңбек сыйымдылығы, адам-сағ.	Еңбекақы төлеуге арналған қаражат, мың теңге	Бірлік құнының көрсеткіші
			Жөндеу-құрылыс жұмыстары	Жабдыктар	Басқа да шығындар	Барлығы			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Тарау <тараудың нөмірі> <Атауы> тарау бойынша

БАРЛЫҒЫ: БАРЛЫҒЫ:

Бас инженер

_____ қолы (бірінші әріптері, тегі)

Бөлім бастығы

_____ қолы (бірінші әріптері, тегі)
 (атауы)
 Жасады _____

_____ лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Тексерді

_____ лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Құрылстың атауы _____

Нысанның атауы _____

Жергілікті смета № _____

(жұмыстар мен шығындардың атауы)

Негіз:

Сметалық құны _____ мың теңге
 Еңбекақы төлеуге арналған қаражат
 _____ мың теңге
 Нормативтік еңбек сыйымдылығы
 _____ мың адам-сағ.

20 жылғы бағаларды жасалды

Реттік нөмірі	Норматив шифры, есеп нөмірі, өзге де құжаттар	Нысанның, жұмыстардың, шығындардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	
					бірлік	барлығы
1	2	3	4	5	6	7

Смета бойынша БАРЛЫҒЫ:

Тарау<тараудың нөмірі><Атауы> БАРЛЫҒЫ:

Тарау<кіші бөлімнің нөмірі><Атауы> БАРЛЫҒЫ:

Жасады _____

лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Тексерді _____

лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Ескертпелер

- 1 Бөлімдер кіші бөлімдер, тармақтар, тармақшалар араб цифрларымен нөмірленеді; бөлімдер барлық жергілікті смета шегінде реттік нөмірленеді; бөлімшелер бөлім шегінде реттік нөмірленеді. Бөлімше нөмірі нөмірлерді қамтиды нүктемен бөлінген бөлімдер мен кіші бөлімдер (мысалы, 1.1, 1.2 және т.б.); тармақтардың барлық жергілікті смета шегінде реттік нөмірленеді; тармақшалардың бүкіл тармақтың шегінде реттік нөмірленеді. Нөмір тармақшасы өлшемдерді қамтиды нүктемен бөлінген тармақ пен тармақша (мысалы, 1.1, 1.2 және т.б.).
- 2 Бөлімдердің (кіші бөлімдердің) тақырыптары В қосымшасына сәйкес қолданылады.

№ _____ жергілікті сметаға арналған материалдық ресурстар мен жабдықтардың тізімдемесі

20__ жылғы бағаларды жасалды

Реттік нөмірі	Ресурс коды	Ресурстың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Өлшем бірлігінің құны, теңге	Жалпы құны, теңге
1	2	3	4	5	6	7

Материалдық ресурстар (іріктелген тәртіппен)

Өзге де материалдық ресурстар (Материалдық

ресурстар бойынша барлығы)

Жабдықтар бойынша барлығы

Тізімдеме бойынша барлығы

Құрылстың атауы _____
 Нысанның атауы _____

Материалдық ресурстар мен жабдықтардың жиынтық тізімдемесі

Негіз:
 Жергілікті сметалар
 20__жылғы бағаларды жасалды.

Реттік нөмірі	Ресурс коды	Ресурстың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Өлшем бірлігінің құны, теңге	Жалпы құны, теңге
1	2	3	4	5	6	7

Материалдық ресурстар (іріктелген тәртіппен)
 Өзге де материалдық ресурстар
Материалдық ресурстар бойынша барлығы
 Жабдық іріктелген тәртіппен)
Жабдықтар бойынша барлығы
Тізімдеме бойынша барлығы

Жасады _____
лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Тексерді _____
лауазымы қолы (бірінші әріптері, тегі)

Құрылыстың атауы

Материалдар, бұйымдар және құрылымдар құнының калькуляциясы

20__ жылғы бағаларды жасалды

Реттік нөмірі	Материалдардың, бұйымдар және құрылымдардың атауы	Өлшем бірлігі	Ресурс коды ⁷ немесе өндірушінің (жеткізушінің) атауы, оның орналасқан жері	Сату бағасының түрі (франко түрінде немесе ИНКОТЕРМС терминдерінде)	Брутто өлшем бірлігінің салмағы, т	1 т жүкке келетін көлік шығындары, теңге	Көлік шығындарының калькуляция нөмірі	Бір өлшем бірлігінің құны, теңге				
								сату бағасы (ыдысты, қаптаманы, деректемені ескере отырып)	көлік шығындары	барлығы металық баға франконаналық қойма	дайындау-сақтау шығындары	Сметалық бағасы, барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Бөлім бастығы _____ қолы (бірінші әріптері, тегі)

Жасады _____ лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Тексерді _____ лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

⁷Нақты жөнделетін телім/нысан жағдайлары үшін тасымалдау қашықтығын ескере отырып, материалдық ресурстың сметалық бағасын түзету кезінде қолданыстағы сметалық-нормативтік база бойынша ресурстың коды көрсетіледі

1 т-ға келетін көлік шығындарының № калькуляциясы

Бастапқы деректер:

1. Сату бағасының түрі
2. Жеткізушілердің атауы және жеткізудің үлес салмағы, % _____
3. Теміржол тасымалы:
 - 3.1 Жөнелту түрі _____
 - 3.2 Тариф _____
 - 3.3 Қосымша қызметтер _____
 - 3.4 Тарифтік сұлба _____
 - 3.5 Вагондарды тиеу нормасы _____
4. Автомобиль тасымалы:
 - 4.1 Жүк класы _____
 - 4.2 Тариф _____

20 жылғы бағаларды жасалды

Реттік нөмір	Операцияның атауы	Тасымалдаудың соңғы пункттерінің атауы (бастап-дейін)	Тасымалдау қашықтығы, шқ	1 т құны, теңге	
				санау формуласы	барлығы
1	2	3	4	5	6
1	Тиеу орындарында автомобильмен тасымалдау кезіндегі тиеу-түсіру жұмыстары				
2	Жөнелту орнына автомобильмен тасымалдау				
3	Вагондарды тиеуге беру				
4	Вагондарға тиеу және олардан түсіру				
5	Теміржол тасымалы				
6	Түсіру үшін беру				
7	Межелі орындарда автомобиль көлігі кезіндегі тиеу-түсіру жұмыстары				
8	Межелі жерлердегі автомобиль тасымалдары				
9	...				
	Барлығы, 1т-ға				

Құрастырды:

Тексерді:

Ескертпелер

- 1 Материалдарды жеткізу бойынша көлік шығындары бастапқы деректер негізінде есептеледі.
- 2 Теміржол және автомобиль көлігімен тасымалдау құны және қолданылатын көлік түріне байланысты өзге де шығындар автомобиль жолдарын орташа жөндеу жүктерін тасымалдауға арналған сметалық бағалар бойынша айқындалады.
- 3 Тиеу-түсіру жұмыстарының және олармен байланысты қосымша операциялардың құны бағалардың сметалық нормалары бойынша қабылданады.
- 4 Дайындау-қойма шығындары франко-құрылыс алаңы материалдарының (бұйымдардың, құрылымдардың және жартылай фабрикаттардың) құнына белгіленген мөлшерде есептеледі.

Г қосымшасы
(міндетті)

Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде құнды қалыптастыру

1-нысан

Тапсырыс беруші:
Мердігер:
Нысанның атауы:
Шарт (келісімшарт):

20__ жылғы _____ ай
бойынша автомобиль жолдарын
күтіп-ұстау бойынша орындалған
жұмыстар
АКТІСІ

(жұмыстар мен шығындардың атауы)

Негіз:

Реттік нөмірі	Норматив шифры, есеп нөмірі, өзге де құжаттар	Нысанның, жұмыстың, шығындардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	
					бірліктер	барлығы
1	2	3	4	5	6	7

20 жылғы ағымдағы бағаларды жасалды

Акт бойынша **БАРЛЫҒЫ:**

Тапсырды

лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Қабылдады

лауазымы, қолы (бірінші әріптері, тегі)

Ескертпелер

Бөлімдер кіші бөлімдер, тармақтар, тармақшалар араб цифрларымен нөмірленеді; бөлімдер орындалған жұмыстардың барлық актісі шегінде реттік нөмірленеді; бөлімшелер бөлім шегінде реттік нөмірленген. Кіші бөлімнің нөміріне нүктемен бөлінген бөлім және кіші бөлімнің нөмірлері кіреді (мысалы, 1.1, 1.2 және т. б.); тармақтардың орындалған жұмыстардың барлық актісі шегінде реттік нөмірленуі болады; тармақшалардың бүкіл тармақ шегінде реттік нөмірленуі болады. Тармақшаның нөмірі нүктемен бөлінген тармақ пен тармақшаның нөмірлерін қамтиды (мысалы, 1.1, 1.2 және т. б.).

Тапсырыс беруші:

**20__ жылғы _____ ай бойынша
орындалған жұмыстар құны мен шығындар туралы
АНЫҚТАМА**

Тапсырыс берушінің коды	Мердігердің коды	Шарт		Қаржыландыру көзі				Ұйымдық құқықтық нысан	
		нөмір	күні	атауы		код	атауы		код
Орындалған жұмыстар мен шығындардың құны, теңгемен									
Атауы	жыл басынан бастап есепті айды қоса алғанда жыл басынан бастап есепті айды қоса алғанда ҚҚС қоса алғанда	есепті айда (____) ҚҚС-сыз	күтіп-ұстау	1-бағаннан				барлығы	
				оның ішінде есепті айда	жұмыстардың құрамына кірмейтін өзге де шығындардың құны	қосымша шығындар		қосылған құн салығы	Төлеуге, барлығы
						материалдарды сатып алу	басқа қосымша шығындар		
А	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлығы:									
оның ішінде айға									
Төлеуге, БАРЛЫҒЫ:									

Тапсырыс беруші

Мердігер

қолы (бірінші әріптері, тегі)

қолы (бірінші әріптері, тегі)

Актіге автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша орындалған жұмыстарды, негізгі жұмыстарды, өзге де шығындар мен қосымша шығындарды енгізу тәртібі

№ рб	Норматив шифры, есеп нөмірі, өзге де құжаттар	Нысанның, жұмыстардың, шығындардың атауы	Құны, барлығы, теңге
1	2	3	7
1		Күтіп-ұстау бойынша негізгі жұмыстар	xxxx
2	Ағымдағы деңгейдегі пайдалануға арналған сметалық бағалар жинағы	Жұмысшыларды автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі шығындарды өтеуге арналған қаражат	xxxx
3	№ 1-есеп	Қар тазалау және қысқы тайғақпен күресу үшін механикаландырылған бригадалардың тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыру	xxxx
4	№ 2-есеп	Жұмыстың көшпелі сипаты үшін қызметкерлерге өтемақы төлемдері	xxxx
		БАРЛЫҒЫ:	xxxx
5		Жол-пайдалану кешендерін (ЖПК) күтіп-ұстау 15% (K=1,15) (бар болса)	
		15% ЖБК күтіп-ұстауды есептегенде БАРЛЫҒЫ:	xxxx
6		5% сметалық пайда	xxxx
		Сметалық пайданы есептегенде БАРЛЫҒЫ	xxxx
7	ҚР ҚБНҚ 8.01-06-xxxx. Құрылысқа арналған құн индекстері	Құн индексі	xxxx
		Ағымдағы бағаларда БАРЛЫҒЫ	xxxx
		Қосымша шығындар, оның ішінде:	
8	№ 3-есеп	Экологиялық апат және радиациялық тәуекел аймақтарында қосымша еңбекақы төлеуге арналған шығындар	xxxx
9	№ 4-есеп	Семей полигонында ядролық қаруды сынау салдарынан радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұратын жұмысшыларға қосымша еңбекақы төлеуге және әлеуметтік қолдауға арналған шығындар	xxxx
10	№ 5-есеп	Электр энергиясының шығындары	xxxx
11	№ 6-есеп	Қоқысты, материалдарды жою құны	xxxx
12	№ 7-есеп	Дезинфекциялау шығындары	xxxx
		Қосымша шығындарды есептегенде БАРЛЫҒЫ	xxxx
13		Қосылған құн салығы (12%)	xxxx
		Орындалған жұмыстар актісі бойынша БАРЛЫҒЫ	xxxx

Д қосымшасы
(міндетті)

КЕЛІСІЛДІ

"__" _____ 20__ ж.
М.О.

БЕКІТЕМІН:

Тапсырыс беруші

"__" _____ 20__ ж.
М.О.

Жөндеу-құрылыс (жол) жұмыстарына арналған
№ __ АҚАУ АКТІСІ

Ұйымның атауы: _____

Нысан: _____

Комиссия құрамы:

комиссия төрағасы _____
(Т.А.Ә., лауазымы, жұмыс орны)

комиссия мүшелері: _____
(Т.А.Ә., лауазымы, жұмыс орны)

тексеру жүргізді _____
(телімнің/нысанның және т.б. атауы)

және келесі ақаулардың (зақымданулар, жарамсыздық және т.б.) болу фактісін анықтады:

№	Телім (нысан) көрсетілген ақаулар тізбесі	Жұмыс түрлері	Өлшем бңрлігі	Көлемі	Ескерту
	Телім (нысан)				
	Телім (нысан) бойынша БАРЛЫҒЫ				

Комиссия төрағасы _____
(лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы)

Комиссия мүшелері: _____
(лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы)

Е қосымшасы
(ақпараттық)

Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде шығындарды есепке алу бойынша орташа, ағымдағы жөндеу кезінде мердігердің сметасын жасау және орындалған жұмыстарды қабылдау кезіндегі әдістемелік ұсынымдар

Мердігердің сметаны жасау және орташа, ағымдағы жөндеу кезінде орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу кезінде жұмыстарды сатып алу және оларды қабылдау кезінде өнім берушіні таңдау мақсатында конкурсқа қатысу үшін мердігердің сметасын жасау жөніндегі ережелерді қамтиды.

2 Терминдер мен анықтамалар

2.1 Тапсырыс берушінің (инвестордың, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің) сметасы: инвестициялық қызметті жоспарлауға және телімнің/нысанның жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін тапсырыс берушінің қаражатының лимитін айқындауға, сондай-ақ орташа, ағымдағы жөндеу кезінде жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүргізуге арналған мемлекеттік сметалық нормативтер негізінде жасалатын сметалық құжаттама.

2.2 Мердігердің сметасы: мердігердің конкурстық ұсынысы құрамындағы мердігерлік жұмыстарды сатып алу жөніндегі конкурстарға қатысу үшін өзінің ұйымдастырушылық-технологиялық мүмкіндігін ескере отырып, өзі жасайтын сметалық құжаттама.

3 Мердігердің сметасы

3.1 Мердігердің жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған сметасы мердігердің еңбекақы төлеу жөніндегі деректері, құрылыс машиналарын пайдалану құны, нақты мәмілелер, қолданыстағы келісімшарттар немесе оларды жеткізуге арналған ұсыныстар бойынша материалдық ресурстардың құны негізінде ресурстарды қайта бағалай отырып, тапсырыс берушінің сметасы негізінде ағымдағы бағаларда, жөндеу-құрылыс жұмыстарын ұйымдастыруға арналған шығындардың нақты деңгейі бойынша жасалады.

3.2 Тапсырыс берушінің сметасы негізінде мердігердің сметасын жасау кезінде техникалық құжаттама бойынша жұмыстардың атауы мен нақты көлемі, құрылыс ресурстарының нормативтік шығындары, техникалық құжаттама бойынша құрылыс материалдарының, бұйымдарының,

құрылымдарының, жабдықтарының (қажет болған жағдайда) сапалық және сандық құрамы (тапсырыс берушінің сметасының ресурстық бөлігі) өзгеріссіз қалады.

3.3 Мердігердің сметасын дайындау кезінде жұмыстардың әлеуетті өнім берушісі (мердігер) құндық жеңілдік ұсынатын ресурстарды дербес таңдайды.

3.4 Мердігердің сметасында орташа жөндеу кезінде күтпеген жұмыстарға және шығындарға арналған қаражат тапсырыс берушінің сметасында көзделген күтпеген жұмыстарға және шығындарға арналған қаражат шегінде ескеріледі.

4 Орташа, ағымдағы жөндеу кезіндегі шарттық баға

4.1 Мердігерлік шартта тіркелетін орташа, ағымдағы жөндеу кезіндегі шарттық баға мердігердің сметасы (офертасы) бойынша ұтып алған баға ұсынысы негізінде мердігерлік жұмыстарды сатып алу нәтижелері бойынша сатып алу саласындағы заңнамаға сәйкес тапсырыс берушінің сметасында белгіленген қаражат лимиті шегінде айқындалады.

4.2 Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздың баға ұсынысына сәйкес мердігер сметасының негізінде тапсырыс беруші мен мердігер шарттық баға ведомосін қалыптастырады және қол қояды. Шарттық баға ведомосы шарттың жалпы сомасын айқындайды және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5 Орындалған жұмыстарды қабылдау

5.1 Орындалған жұмыстарды қабылдау тәртібі мен мерзімдері, жөндеу жұмыстары үдерісінде орындалған жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін есеп айырысулар тараптардың келісімі бойынша мердігерлік шартпен белгіленеді. Олар үшін ай сайынғы есеп айырысулар тапсырыс беруші мен мердігер арасында келісілген нысандар бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға орындалған жұмыстарды қабылдау кезіндегі шығындарды есепке алу бойынша

Жалпы ережелер

Осы әдістемелік ұсынымдар белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, астана, республикалық маңызы бар қалалар көшелерін, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуге және күтіп-ұстауға арналған қаржыландыру нормативі негізінде республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттер есебінен толық немесе ішінара қаржыландырылатын автомобиль жолдарын күтіп-ұстау және салу жөніндегі жұмыстардың құнын анықтау кезінде міндетті.

ҚР БВН 9.1.1-001-2024

Шарттық баға

Мердігерлік шартта белгіленетін автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға арналған шарттық баға мердігерлік жұмыстарды сатып алу нәтижелері бойынша сатып алу саласындағы заңнамаға сәйкес анықталады.

Орындалған жұмыстарды қабылдау

Орындалған жұмыстарды қабылдау тәртібі мен мерзімдері, жұмыс үдерісінде күтіп-ұстауға орындалған жұмыстар үшін есеп айырысулар тараптардың келісімі бойынша мердігерлік шартпен белгіленеді. Олар үшін ай сайынғы есеп айырысулар Тапсырыс беруші мен мердігер арасында келісілген нысандар бойынша жүргізіледі.

Орындалған жұмыстардың құны жол жұмысшылары мен машинистердің адам-сағаттағы еңбек шығындарының нормаларын, машина-сағаттағы машиналар мен механизмдерді пайдалану уақытының нормаларын, физикалық өлшем бірліктеріндегі материалдар шығынының нормаларын және олардың құндық көрінісін, сондай-ақ автомобиль жолын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға жатқызылатын басқа да шығындарды қамтиды.

Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде құнды қалыптастыру тәртібі осы Тәртіптің 7.2-бөлімінде баяндалған.

Ж қосымшасы
(ақпараттық)

Қазақстан Республикасының аумақтық аймақтарының тізбесі

Аймақтың коды	Атауы
01.00	Астана қаласы, Қосшы қаласы
02.00	Алматы қаласы
03.00	Ақмола облысы
03.01	Көкшетау қ.
03.02	Степногорск қ.
03.03	Ақкөл ауданы
03.04	Аршалы ауданы
03.05	Астрахан ауданы
03.06	Атбасар ауданы
03.07	Біржан сал ауданы
03.08	Бұланды ауданы
03.09	Бурабай ауданы
03.10	Егіндікөл ауданы
03.11	Ерейментау ауданы
03.12	Есіл ауданы
03.13	Жақсы ауданы
03.14	Жарқайың ауданы
03.15	Зеренді ауданы
03.16	Қорғалжын ауданы
03.17	Сандықтау ауданы
03.18	Целиноград ауданы
03.19	Шортанды ауданы
04.00	Ақтөбе облысы
04.01	Ақтөбе қ.
04.02	Алға ауданы
04.03	Әйтеке би ауданы
04.04	Байғанин ауданы
04.05	Қарғалы ауданы
04.06	Қобда ауданы
04.07	Мәртөк ауданы
04.08	Мұғалжар ауданы
04.09	Ойыл ауданы
04.10	Темір ауданы
04.11	Хромтау ауданы
04.12	Шалқар ауданы
04.13	Ырғыз ауданы

ҚР БВН 9.1.1-001-2024*Ж кестенің жалғасы*

Аймақтың коды	Атауы
05.00	Алматы облысы
05.02	Қонаев қ.
05.05	Балқаш ауданы
05.06	Еңбекшіқазақ ауданы
05.08	Жамбыл ауданы
05.09	Іле ауданы
05.10	Қарасай ауданы
05.12	Кеген ауданы
05.16	Райымбек ауданы
05.18	Талғар ауданы
05.19	Ұйғыр ауданы
05.20	Алатау қ.
16.21	Үлкен Нарын ауданы
16.22	Марқакөл ауданы
18.11	Мақаншы ауданы
18.12	Жанасемей ауданы
06.00	Атырау облысы
06.01	Атырау қ.
06.02	Жылыой ауданы
06.03	Индер ауданы
06.04	Исатай ауданы
06.05	Қызылқоға ауданы
06.06	Құрманғазы ауданы
06.07	Мақат ауданы
06.08	Махамбет ауданы
07.00	Батыс Қазақстан облысы
07.01	Орал қ.
07.02	Ақжайық ауданы
07.03	Бөкей ордасы ауданы
07.04	Бөрлі ауданы
07.05	Жаңақала ауданы
07.06	Жәнібек ауданы
07.07	Бәйтерек ауданы
07.08	Казталов ауданы
07.09	Қаратөбе ауданы
07.10	Сырым ауданы
07.11	Тасқала ауданы
07.12	Теректі ауданы
07.13	Шыңғырлау ауданы
08.00	Жамбыл облысы

Ж кестенің жалғасы

Аймақтың коды	Атауы
08.01	Тараз қ.
08.02	Байзақ ауданы
08.03	Жамбыл ауданы
08.04	Жуалы ауданы
08.05	Қордай ауданы
08.06	Меркі ауданы
08.07	Мойынқұм ауданы
08.08	Т. Рысқұлов ауданы
08.09	Сарысу ауданы
08.10	Талас ауданы
08.11	Шу ауданы
09.00	Қарағанды облысы
09.01	Қарағанды қ., Шахтинск қ., Теміртау қ., Саран қ.
09.03	Балқаш қ.
09.05	Приозерск қ.
09.06	Абай ауданы
09.07	Ақтоғай ауданы
09.08	Бұқар-Жырау ауданы
09.10	Қарқаралы ауданы
09.11	Нұра ауданы
09.12	Осакаров ауданы
09.14	Шет ауданы
10.00	Қостанай облысы
10.01	Қостанай қ., Рудный қ.
10.02	Арқалық қ.
10.03	Лисаков қ.
10.04	Алтынсарин ауданы
10.05	Амангелді ауданы
10.06	Әулікөл ауданы
10.07	Денисов ауданы
10.08	Жангелдин ауданы
10.09	Жітіқара ауданы
10.10	Қамысты ауданы
10.11	Қарабалық ауданы
10.12	Қарасу ауданы
10.13	Қостанай ауданы
10.14	Мендіқара ауданы
10.15	Науырзым ауданы
10.16	Бейімбет Майлин ауданы
10.17	Сарыкөл ауданы

ҚР БВН 9.1.1-001-2024*Ж кестенің жалғасы*

Аймақтың коды	Атауы
10.18	Ұзынкөл ауданы
10.19	Федоров ауданы
11.00	Қызылорда облысы
11.01	Қызылорда қ.
11.02	Байқоңыр қ.
11.03	Арал ауданы
11.04	Қазалы ауданы
11.05	Қармақшы ауданы
11.06	Жалағаш ауданы
11.07	Сырдария ауданы
11.08	Шиелі ауданы
11.09	Жаңақорған ауданы
12.00	Маңғыстау облысы
12.01	Ақтау қ.
12.02	Жаңаөзен қаласы
12.03	Бейнеу ауданы
12.04	Қарақия ауданы
12.05	Маңғыстау ауданы
12.06	Мұнайлы ауданы
12.07	Түпқараған ауданы
13.00	Түркістан облысы
13.01	Түркістан қ., Кентау қ.
13.02	Арыс қаласы
13.03	Бәйдібек ауданы
13.04	Жетісу ауданы
13.05	Қазығұрт ауданы
13.06	Келес ауданы
13.07	Мақтаарал ауданы
13.08	Ордабасы ауданы
13.09	Отырар ауданы
13.10	Сайрам ауданы
13.11	Сарыағаш ауданы
13.12	Сауран ауданы
13.13	Созақ ауданы
13.14	Төлеби ауданы
13.15	Түлкібас ауданы
13.16	Шардара ауданы
14.00	Павлодар облысы
14.01	Павлодар қ., Ақсу қ.
14.02	Екібастұз қаласы
14.03	Кулин ауданы
14.04	Ақтоғай ауданы
14.05	Баянауыл ауданы

Ж кестенің жалғасы

Аймақтың коды	Атауы
14.06	Железин ауданы
14.07	Ертіс ауданы
14.08	Май ауданы
14.09	Павлодар ауданы
14.10	Тереңгүл ауданы
14.11	Успен ауданы
14.12	Шарбақты ауданы
15.00	Солтүстік Қазақстан облысы
15.01	Петропавл қ.
15.02	Айыртау ауданы
15.03	Ақжар ауданы
15.04	Аққайың ауданы
15.05	Есіл ауданы
15.06	Жамбыл ауданы
15.07	Мағжан Жұмабаев атындағы аудан
15.08	Қызылжар ауданы
15.09	Мамлют ауданы
15.10	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
15.11	Тайынша ауданы
15.12	Тимирязев ауданы
15.13	Уәлиханов ауданы
15.14	Шал ақын атындағы аудан
16.00	Шығыс Қазақстан облысы
16.01	Өскемен қ.
16.03	Риддер қ.
16.09	Глубокое ауданы
16.11	Зайсан ауданы
16.12	Алтай ауданы
16.14	Куршим ауданы
16.15	Катонқарағай ауданы
16.16	Тарбағатай ауданы
16.17	Ұлан ауданы
16.19	Шемонаиха ауданы
16.20	Самара ауданы
17.00	Шымкент қаласы
18.00	Абай облысы
18.01	Семей қ.
18.02	Курчатов қ.
18.03	Ақсуат ауданы
18.04	Абай ауданы
18.05	Аягөз ауданы
18.06	Бесқарағай ауданы
18.07	Бородулиха ауданы

ҚР БВН 9.1.1-001-2024*Ж кестенің соңы*

Аймақтың коды	Атауы
18.08	Жарма ауданы
18.09	Көкпекті ауданы
18.10	Үржар ауданы
19.00	Жетісу облысы
19.01	Талдықорған қ., Текелі қ.
19.02	Ақсу ауданы
19.03	Алакөл ауданы
19.04	Ескелді ауданы
19.05	Қаратал ауданы
19.06	Кербұлақ ауданы
19.07	Көксу ауданы
19.08	Панфилов ауданы
19.09	Сарқан ауданы
20.00	Ұлытау облысы
20.01	Жезқазған қ., Сәтбаев қ.
20.02	Қаражал қаласы
20.03	Жанаарқа ауданы
20.04	Ұлытау ауданы

К қосымшасы
(ақпараттық)

Материалдық ресурстардың түрлері бойынша дайындау-қоймалау шығындарының нормалары

Материалдар топтарының атауы	Материалдар жіктеуіші бойынша шифр	құнынан %
1 Кенді емес материалдар (шағыл тас, құм, қиыршық тас қоспалар)	211201-211206, 211301-211302, 211401-211402, 211501, 211601-211603, 212601	2,98
2 Цемент және құрғақ қоспалар (желім, сылақ, әрлеу, оқшаулағыш және т.б.)	216101, 216102, 216103, 231401, 232501-232504, 233401, 234502, 234601, 234701, 235301-235303, 236103	2,01
3 Қоспалар мен ерітінділер (бетон, ерітінді, асфальтбетон)	212101, 212102, 212401, 212402, 212501-212503	1,6
4 Металл илем, металл құрылымдар және бұйымдар	214101-214108, 214201-214215, 214301, 214302, 214401-214404, 222501-222529, 224101-224104, 241101-241121, 241401-241415, 241501-241518, 241601-241609	0,45
5 Плиталық және табақ материалдар (қаптау тақталары, АТТ, АЖТ тақталар, гипсокартон, шыны, ламинат және т.б.)	213306-213309, 215301-215305, 217401, 217402, 217501-217505, 222528, 224201-224203, 231201-231204, 231301, 231302, 232101, 232102, 232201, 232202, 232401, 233201-233204, 234101-234104, 255101, 255102, 255201-255203	2,62
6 Дана материалдар (тастар, кірпіштер, бетон және жеңіл бетон блоктары)	211701, 213101-213103, 213201, 213301-213305	3,13
7 Битум, битум эмульсиялары	216201, 235201	3,49
8 Басқа материалдар, бұйымдар мен құрылымдар		1,2
9 Жабдықтар	51	0,72

Библиография

- [1] Кеден одағының 2011 жылғы 18 қазандағы КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламенті
- [2] ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар
- [3] Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың құнын заттай мәнде ресурстар шығынының нормативтері негізінде қалыптастыру тәртібі туралы нұсқаулық. Беларусь Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі, 2016 жыл
- [4] Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық тексеру жөніндегі жұмыстарды іске асыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 17 қазандағы № 725 бұйрығы
- [5] ҚР ҚБНҚ 8.01-08-2022. Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын анықтау тәртібі

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ ПО ЦЕНОБРАЗОВАНИЮ

**ПОРЯДОК
ОПРЕДЕЛЕНИЯ СТОИМОСТИ СРЕДНЕГО, ТЕКУЩЕГО РЕМОНТА
И СОДЕРЖАНИЯ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

ВНЦ РК 9.1.1-001-2024

Издание официальное

Астана 2024

Предисловие

- | | |
|---|---|
| 1 РАЗРАБОТАН | Акционерным обществом «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт» (АО «КаздорНИИ») |
| 2 УТВЕРЖДЕН И
ВВЕДЕН ВДЕЙСТВИЕ | Приказом и.о.Председателя Комитета автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан от « <u>27</u> » декабря 2024 г. № <u>167</u> |
| 3 СОГЛАСОВАН | Акционерным обществом «НК «ҚазАвтоЖол» от «05» декабря 2024 г. № 09-01/09-01/4045-И |
| 4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН | «Порядок определения стоимости среднего, текущего ремонта и содержания автомобильных дорог в Республике Казахстан», утвержденный приказом №134 от 28.12.2023г |

Документ доступен к просмотру в информационно-правовой системе нормативно-правовых актов Республики Казахстан «Әділет», в Едином государственном фонде нормативных технических документов (<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>), а также в электронной базе данных «InfoZhol» – <http://infozhol.kad.org.kz>.

Настоящий Сборник не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен без разрешения Комитета автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан.

Содержание

Введение	
1. Область применения.....	2
2. Нормативные ссылки.....	2
3. Термины и определения.....	2
4. Общие положения.....	3
5. Система нормативных документов и ценообразования при среднем, текущем ремонте и содержании автомобильных дорог	4
6. Сметная стоимость среднего, текущего ремонта автомобильных дорог	7
6.1. Основные требования и условия ценообразования при среднем, текущем ремонте и содержании автомобильных дорог.....	7
6.2. Состав и виды сметной документации, требования к оформлению сметной документации при ремонте.....	8
6.3. Определение сметной стоимости при среднем, текущем ремонте.....	11
6.4. Составление сметной документации при среднем, текущем ремонте.....	12
7 Сметная стоимость содержания автомобильных дорог	22
7.1. Основные требования и условия ценообразования при содержании автомобильных дорог.....	22
7.2. Порядок формирования стоимости при содержании автомобильных дорог.....	23
Приложение А (обязательное) Конструктивно-технологическая группировка данных в сметной документации	26
